



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№18 (658)
30 СӘУІР,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

БАСПАСӨЗ-2026

Алаш жастарының үніне айналған «Ақмешіт жастары» газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр. Өз газетіңе жазыл, жас дос! Біз ел жастарымен біргеміз! «Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу жеке тұлғалар үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 8000 теңге.



ТАҢҒЫ СЕРУЕНДІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРҒАНДАР

Қаланың өзі ұйқының құшағында жатқанда, таңғы төрт жарымда оянып, күніңді серуендеуден бастай аласыз ба? Ал біздің кейіпкеріміз Гүлмира Ильясова 2022 жылдан бері таңғы серуенді күнделікті дағдыға айналдырып, бүгінде жүздеген әйелдің өмір салтын өзгертуге ықпал етіп келеді. Бұл жолға қалай келді? Расымен бізге де қызық.

Гүлмира Әйпенқызы негізгі қызметі бойынша «Интергаз Орталық Азия» компаниясында жұмыс істейді. Сонымен қатар жүздеген әйелді таңғы серуенге жұмылдырып жүрген, «таңғы серуен – салауатты өмір салтының негізі» деген ұранды серік еткен белсенді ұйымдастырушы. «Барлығы» Instagram желісіндегі «Сикырлы таң» клубының жетекшісі Динара Уалинамен танысудан басталды» дейді кейіпкеріміз.

8-БЕТТЕ

ҰРЫ-ҚАРЫҒА ҚОЛДЫ БОЛДЫҢ БА, ТӨРТ ТҮЛІГІМ?

Коллаж ашық дереккөзден алынды



26 наурыз күні таңертеңгілік қораға беттеген Ғани ағай тағы бір сиырының орнын сипап қалды. «Кезін байлап қойсаң да, қиналмай-ақ үйді тауып келетін емізүлі сиырым қолды болды» деп күрсінді ол.

Қала іргесіндегі елді мекенде тұратын Ғани Бекмырзаевтың малы кейінгі жылдары ұры-қарының оңай олжасына айналған. Биыл ғана емес, жылда қорасынан мал жоғалады. Есебі бойынша, былтыр бір айдың ішінде-ақ төрт бас сиыры қолды болған. Одан бөлек 2024 жылдың шілдесінде де бір сиыры жоғалып кеткен. – Іздемеген жер қалмады. Фермаларды да қарадық, сұрау салдық, арыз жаздық, атпен де, көлікпен де іздедік. Бірақ ешқайсысы табылмады, – деді ағай.

Сөз барысында жаудың алыстан келмейтінін айтты. Өзі вахталық жұмыс істейді. Үнемі жұмысқа кеткенде бір малы ұрланатын көреді. Расымен, бүгінгі ұрыларын ақылды дерсіз. Әр мал кемі жарты миллион теңге тұрады. Мал шаруашылығындағылар адал еңбек етіп, бір басты екеу, екеуді үшеу қылып көбейтемін деп жоспарлағанда тосыннан ұры-қары келіп, мазаны алады. Сонда шаруалар қайтпек?

3-БЕТТЕ

Сурет ЖИ арқылы жасалған



ЖАСАНДЫЛЫҚ

ӨНЕРГЕ ЖАТ

Бүгінгі музыка әлемі бұрынғыдай тек нотаның, жүректің және уақыттың ғана жемісі емес. Ол енді алгоритмнің, кодтың және арнайы PROMT-тардың да туындысына айналып барады. Бір кездері ән жазу шабыттың шарықтау шегіне жеткен сәтіммен байланысты болса, қазір сол шабыттың орнын жасанды интеллект алмастырып жатқандай. Өн мәтінін де, өуенін де санаулы секундта құрастырып беретін технологияның кең таралуы өнердің табиғаты туралы үлкен сұрақ тудырып, оның құндылығына нұқсан келтіріп отыр.

Музыка қашан да адамның ішкі әлемінің айнасы саналған. Өн арқылы адам қуанышын да, қайғысын да жеткізген. Әрбір туындыда автордың өмір тәжірибесі, жан күйзелісі, сезімі мен ойы болушы еді. Ал бүгінгі жасанды интеллект арқылы жасалған әндерде сол тереңдік сақталып қалды деуге келмейді. Себебі алгоритм сезінбейді. Ол тек үйренеді, салыстырады және қайта құрастырады.

4-БЕТТЕ

ЖӘДІГЕРГЕ ТОЛЫ ЖАН САРАЙ

Самалға тербелген Сырдарияның төріндегі Руханият орталығы ауданға қарасты руханият, мәдениет нысандарын өн бойына сыйдырып, тарихи жәдігерлер мен қазба байлықтарына толы мұраға айналғандай. Жарқын болашаққа бастар жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды жиган бұл нысанға алғаш келуім. Шіркін, мұнтаздай таза, зәулім ғимаратқа келушілер қатары да қалың төрізді. Аудандық тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі Салтанат Қуандықова жылы шыраймен қарсы алды.


– Қазір біз осындамыз. Жаңа ғимаратқа келдік. Мерейлі мерейтойымыз музейдің 30 жылдығы қарсаңында келгеніміз де бір ерекшелік болды, – деді ол жол бастап келе жатып.

Қойнауы тарихқа тұнған ауданның төріндегі бұл нысан – ғылымның, мәдениеттің, білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін ғылыми мекеме. Елдің өткені мен бүгінін жалғап, тарихтың тамырын тартып тұр.

– Музей – тарих айнасы, ұлттық рухтың көрсеткіші. Еліміздің егемендігімен бірге санамыздың да тәуелсіз болып, тарихымызды түгендеп, тегімізге тереңдеп, төрімізге оған тәуелсіздігімізді асқақтату музей қызметінің басты міндеті. Аудандық тарихи-өлкетану музейі алғаш қоғамдық бастамамен

1990 жылы ұйымдастырылып, 1993 жылдың наурыз айынан бастап облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы болып, 1996 жылдың сәуір айынан бастап Тереңөзек аудандық тарихи-өлкетану музейі болып қайта құрылды. 2017 жылы музейге қосымша ғимарат беріліп, «Еңбек данқы» залы ашылды, – деді Салтанат Нұрмағанбетқызы.

Өткен жылдың ақпан айында музей «Руханият» орталығына қоныс аударды. Сол уақыттан бері аудан тұрғындары мен мектеп оқушылары заманауи үлгіде жасакталған музей экспозициясымен танысып, ауданның тарихы жөнінде мол мәлімет алуда. Әсіресе музейге келушілердің экспозицияны жасанды интеллект арқылы тамашалауы ерекше әсер қалдыруда. Сонымен қатар ғимараттың төменгі бөлігінен берілген қор бөлімі де тиісті талаптарға сәйкес жасакталып, музей қорындағы жәдігерлердің дұрыс сақталуы, температурасы мен орналасуы қамтамасыз етілген.



5

«АУЫЛ АМАНАТЫ» АЯСЫНДА АРАЛДА 42 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

7-БЕТТЕ



КІТАПҚА ЖАЗЫЛҒАН 40 ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕК

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Әлемді ғылым құтқарады – IV ғылым айы» аясында мұнай-газ саласының ардагері, техника ғылымдарының кандидаты Ғалым Баймановқа арналған кітаптың тұсаукесері өтті.



болған жоқ. Көп нәрсе жетіспеді, бірақ жұмыс жүріп жатты. Сол уақытта бірге жұмыс істеген мамандардың еңбегі зор. Ал міне, қазір соның барлығы кітапқа түсіп отыр, – деді Нұрлыбек Мынжас.

Кеш соңында кітаптың тұсауы кесіліп, оқырманға алғашқы даналары таратылды.

Камилла САҒЫНДЫҚОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
4-курс студенті

Іс-шараға энергетика саласының ардагерлері, мұнайшылар, сала мамандары мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Олардың қатарында Мұхит Кәрімбаев, Серік Ажаров, Қабылбек Қыстаубаев, Ғалым Құрманбаев, Жұмабай Құлиев және басқа да құрметті қонақтар болды. Сондай-ақ геология мамандығында білім алып жатқан студенттер де келіп, тағылымы мол жиынның куәсі болды.

Жаңа еңбекте Құмкөл кен орнын игерудің 40 жылдық тарихы камтылған. Кітапта өндірістің алғашқы жылдары, сол кезеңдегі жұмыс барысы, мамандардың тәжірибесі мен естеліктер жинақталған. Ғалым

Байманов – Құмкөлді игеруге қатысқан алғашқы кәсіби мамандардың бірі, ұзақ жыл бойы осы салада еңбек еткен тәжірибелі инженер.

Іс-шара барысында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Жұлдыз» журналының қызметкері Жұмабай Құлиев кітаптың мазмұнына тоқталды.

– Құмкөл туралы көп айтыла бермейді, көбіне қысқаша дерекпен шектелеміз. Ал бұл кітапта сол жердегі жұмыс, адамдардың бастан өткерген жағдайлары жазылған. Сондықтан бұл кітапты оқыған адам Құмкөлдің қалай қалыптасқанын түсінеді, – деді ол.

Кітап авторы, техника ғылымдарының кандидаты Ғалым Байманов еңбектің жазылу барысын былай түсіндірді:

– Кітапты жазу барысында ардагерлердің естеліктеріне сүйендік. Себебі Құмкөлдің алғашқы кезеңі туралы жүйелі материал аз. Жеке жазбалар да көп көмектесті. Кітапта сол кезеңнің нақты көрінісін беруге тырыстық.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Нұрлыбек Мынжас өз сөзінде Құмкөлдегі алғашқы жылдарды еске алды.

– Алғашқы жылдары жағдай оңай

Кітапхана – уақыттың үнін сақтаған, ұлттың жадын жаңғыртқан қасиетті кеңістік. Әрбір сөресінде тарихтың табы, әрбір кітабында адамзат ойының ізі жатқан бұл орда қоғамның рухани тірегіне айналып отыр. Сөз бен сана тоғысқан осындай мекенде өткен әрбір іс шара оқырман жүрегіне жол тауып, білімді деген құштарлықты оятады.

РУХАНИЯТ ОРДАСЫНДАҒЫ АПТАЛЫҚ



Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Ұлттық кітап және Кітапханашылар күніне арналған ауқымды апталық ұйымдастырылды. «Кітап – білім бастауы» деген атаумен өткен рухани мереке мазмұн мен мәнге толы тағылымды шараларымен ерекшеленіп, апта бойы кітапхана қабырғасы жастардың ізденісі мен шығармашылығына, оқырман мен қаламгердің сырласуына куә болды.

Талғамы биік оқырман үшін «Күш – білімде, білім – кітапта» тақырыбында студенттер арасында интеллектуалды сайыс өтіп, білім додасы нағыз ой бәйгесіне айналды. «Дара тұлғаның дара жолы» атты сұхбат кеші оқырман мен кітап арасындағы рухани байланысты тереңдеті түсті. Ұлттық өнерді ұлықтаған «Ұлттық өнер – ұрпаққа аманат» кездесуінде ақын, күміс домбыра иегері Бексұлтан Орынбасаровпен жүздесу жас бұрынша шабыт сыйлады.

Сирек қордың қазынасын танытқан «Кітап. Тарих. Шежіре» көрмесі өткенінен өнегесін бүгінмен жалғап, рухани сабақтастықтың алтын көпіріндей әсер қалдырды. Кітапты насихаттаудың тың үлгісі ретінде ұйымдастырылған «Кітап ал!» акциясы оқырманға рухани сый тарту етті. Табиғат аясындағы «Қош келдің, көктем!» пленэрі мен ерекше форматтағы «Кітапханадағы түн – 2026» акциясы кітапхананың жаңа тынысын танытты.

Апталықтың шарықтау шегі ретінде «Кітапхана – рухани қазына ордасы» атты мерекелік кеш өтті. Биыл бұл күннің маңызы тіптен айрықша. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күні кәсіби мерекемен қатар аталып, кітапхана саласының беделін арттыра түсті. Бұл дата ЮНЕСКО белгілеген Халықаралық кітап және авторлық құқық күнімен үндесуімен де мәнді.

Мерекелік шара барысында өңірдің мәдени дамуына үлес қосқан бірқатар кітапханашы марапат төрінен көрініп, «Мәдениет саласының үздігі», «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгілері, Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары табысталып, сала мамандарының еңбегі лайықты бағаланды.

Кітапхана ауласында өткен көрмелер де көпшілік назарын аударды. Облыстық, қалалық және аудандық кітапханалар өз жетістіктерін таныстырып, озық тәжірибелерімен бөлісті. Бұл бастамалар кітап оқу мәдениетін жандандыруға, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және кітапты өмірлік серікке айналдыруға бағытталды.

Мерекелік күннің мазмұны да бай болды. «Кітап – ақылдың кілті» атты жаңа кітаптар көрмесі оқырман көзжиегін кеңейтсе, «Кітап кейіпкерлерінің шеруі» әдеби әлемді сахналық көрінісімен ұштастырды. Мұқғали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына арналған «Мен поэзияны сүйемін» байқауы жас жүрекерлердің жырға деген іңкәрлігін айқындады. «Отақ» колөнер үйрмесінің шеберлік сабағы өнер мен еңбектің үйлесімін көрсетсе, Исраил Сапарбайдың 85 жылдығына арналған ашық аспан астындағы оқулар жыр әлемінің жарық жұлдызын тағы бір мәрте ұлықтады.

Кітапхана – тек кітап сақтайтын орын ғана емес, ол ой мен рухтың тоғысқан мекені. Осындай мазмұнды шаралар арқылы қоғамда кітап оқуға деген қызығушылық артып, рухани құндылықтарға бетбұрыс күшейе түседі. Рухани байлықтың қайнар көзіне айналған кітапхана әрдайым оқырманын жаңа белеске жетелеп, білім мен парасаттың шамшырағы болып қала бермек.

Нұршат НЫШАНОВА

ӨҢІРДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Облыста өткен жылы беру маусымы өрт қауіпсіздігі мәселесінің әлі де өзекті екенін көрсетті. Тұрғын үй секторларында тіркелген өрт оқиғалары мен олардың себептері халықтың қауіпсіздік талаптарына немқұрайлы қарауының салдарын айқындап берді. Осыған байланысты Төтенше жағдайлар департаменті алдын алу шараларын күшейтіп, кең ауқымды түсіндіру және бақылау жұмыстарын жүргізді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов баяндады.

Жылы беру кезеңінде облыс аумағындағы тұрғын секторларда 105 өрт оқиғасы тіркеліп, 3 адам жаракат алған. Спикердің айтуынша, өрт оқиғаларының басым бөлігі тұрғындардың қауіпсіздік талаптарына немқұрайлы қарауынан туындайды. Атап айтқанда, пештердің техникалық жағдайын уақытылы тексермеу, электр желілерін дұрыс пайдаланбау және балаларды қараусыз қалдыру негізгі себептердің қатарында.


– Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әлеуметтік осал топтағы 6825 тұрғын үйдің тізімі нақтыланып, осы отбасыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жергілікті бюджет есебінен 484 табиғи газды және 100 көмірқышқыл газды анықтайтын датчик орнатылды. Алайда бұл бағыттағы жұмыстар барлық аудандарда бірдей деңгейде жүргізілмей отыр. Апта сайын полиция департаменті және волонтерлік ұйым-



дардың қатысуымен профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылып, барлығы 129 874 тұрғын үйдің ауласы араланды. Сонымен қатар, тұрғындармен 350 кездесу өткізіліп, өрт қауіпсіздігі ережелері кеңінен түсіндірілді. Одан бөлек, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында да арнайы жиын ұйымдастырылып, кәсіпкерлерге өрт қауіпсіздігі талаптары таныстырылды.

Тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру, улы газдан улану фактілерінің алдын алу және өрттің санын азайту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Бұл – баршаға ортақ жауапкершілік, – деді Бейбітхан Оразайұлы.

**Өңірлік
коммуникациялар
қызметі**



БОЛАШАҚ АҚ ХАЛАТТЫЛАР БАС ҚОСТЫ

Иә, жуырда болашақ ақ халаттыларға арналған конференция өтті. Екі күнді қамтыған ауқымды іс-шара Өнер орталығында басталды.

халаттылардың әлеуетіне сенім білдірді. Ресми бөлімнен кейін іс-шара концерттік бағдарламаға ұласып, одан әрі Қызылорда медициналық жоғары колледжінің қабырғасында жалғасты.

Екі күндік еңбектің түйіні


Екі күнге созылған халықаралық конференцияның соңында ғылыми-зерттеу бағытындағы жобалар қорғалды. Қатысушылар көшбасшылық, еріктілік,

Теориядан – тәжірибеге

Конференцияның екінші күні студенттерге арналған ауқымды шеберлік сағатымен есте қалды. Болашақ фельдшерлер мен мейіргерлер кәсіби дағдыларын іс жүзінде көрсетіп, көпшілікті тәнті етті.

Жас мамандар жедел коронарлық синдром кезінде шұғыл әрекет студент бастап, жол апаты жағдайында алғашқы жәрдем көрсетуге, ауруханадан тыс жағдайда босандырып алуға дейінгі күрделі жағдаяттарды көрсетті. Анафилактикалық шокқа қарсы алгоритм, қозғалысы шектеулі науқастарға кешенді күтім жасау, стоматолог дәрігердің ассистенті ретінде жұмыс істеу, зертханалық талдаулардың жаңа әдістері, емдік шөптерден суусын әзірлеу технологиясы да тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Сонымен қатар ересектер мен балаларға арналған жүрек-өкпе реанимациясының базалық тәсілдері, шұғыл педиатрияның қырсыры және медицинаға жасанды интеллект шешімдерін енгізу бойынша инновациялық жобалар көрерменнің қызығушылығын тудырды. Студенттердің әрбір қимылы мен шешіміне қарап, олардың білікті жас маман болып қалыптасып келе жатқанын аңғардық.



сапалы медициналық көмектің негізі ретінде студенттік ғылым мен практиканы ұштастыру, цифрлық трансформация және жасанды интеллект тақырыптары бойынша тың идеяларын ортаға салды.

Қорытынды кешке облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алмас Әбілпатта мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай арнайы қатысып, үздік жоба авторларына алғыс хат пен сертификаттар табыстады. Жиын соңында ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мақсатында меморандумға қол қойды.

Мерейім ӘЛБАТЫР



САН СОҚТЫРҒАН САНДЫҚ ДӘУІР

Қазір алаяқтықтың сипаты өзгерді. Бұрын қалтаға түсетін ұрыдан сақтансақ, бүгін адам өз ақшасын өзі аударып беретін жағдайға жеттік. Бар болғаны – бір қоңырау, бір код, бір сілтеме. Соңында сан соғып, қапы қалады. Ес жиып, бәрін білгенде бәрі кеш...

Расымен, цифрлық технологиялардың дамуы қылмыстың да түрін өзгертті. Әлеуметтік желі мен интернет платформалар тек байланыс құралы ғана емес, сауда алаңына айналған. Ал осы кеңістікті алаяқтар өз мақсатына тиімді пайдаланып отыр. Бұл жөнінде мамандар да дабыл қағуда.

– Қазір алаяқтықтың түрі көбейген. SMS-кодты алдап алу, өзін банк қызметкері ретінде таныстыру, «инвестицияға ақша салсаң көбейтеміз» деп сендіру, мессенджер арқылы таныстарының атынан ақша сұрау – ең жиі кездесетін тәсілдер, – дейді Полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Серік Тоқтыбаев.

Расында, мұндай жағдайлар көпшілікке таныс. Біреу «банк қызметкерімін» деп хабарласады, енді бірі жеңіл табыс ұсынады. Кейде тіпті жақының атын жамылып, ақша сұрайды. Мұндайда адам асығыс шешім қабылдайды. Ал дәл сол асығыстық – алаяқтарға керек дүние.

Статистика да соны көрсетеді. Жыл басынан бері облыста интернет-алаяқтықтың 85 дерегі тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда азайғанымен, мәселе толық шешілді деуге келмейді. Дегенмен қылмыстың ашылу көрсеткіші 70 пайыздан асып, айтарлықтай жақсарған.

Кейінгі уақытта «дроппер» деген ұғым жиі

айтылып жүр. Бұл – алаяқтарға көмектесетін адамдар. Яғни, өз банк картасын немесе есепшотын үшінші тұлғаларға пайдалануға бергендер.

– Алаяқтар жәбірленушілердің ақшасын тікелей алмайды. Олар басқа адамдардың есепшоттары арқылы жүргізеді. Сол себепті дропперлерге қатысты қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Заң бойынша айыппұлдан бастап, жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралған, – деді Серік Тоқтыбаев.

Бұл – мәселенің тек техникалық емес, әлеуметтік қыры бар екенін көрсетеді. Өйткені кейбір азаматтар жеңіл табысқа қызығып, өз дерегін пайдалануға мүмкіндік береді. Ал оның соны, әрине, қылмыстық іске ұласады.

Полиция қызметкерлері алдын алу шараларын тұрақты жүргізіп келеді. Халық көп жиналатын орындарда мыңдаған жадынама таратылып, «SOS» батырмасы арқылы аудио ескертулер беріледі. Әлеуметтік желілерде де түсіндіру

жұмыстары тоқтаған емес. Жастар ұйымдары да бұл іске тартылған.

Дегенмен басты мәселе – сақтық.

– Ең қарапайым ережелерді ұмытпау керек. SMS-кодты ешкімге айтпау, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз қосымшаларды жүктемеу қажет. Егер күмәнді қоңырау түссе, байланысты үзіп, ресми нөмірге хабарласқан дұрыс, – деді полиция өкілі.

Шынында, интернеттегі қауіп көзге көрінбейді. Бірақ салдары ауыр. Бір сәттік сенім – үлкен проблемаға айналуы мүмкін.

Қазір қоғам цифрлық кеңістікке толық көшті. Сауда да, қызмет те, байланыс та – бәрі осы жерде. Ал қауіпсіздік сол қарқынға ілесе алмай тұр. Сондықтан әр адам ақпаратты сүзгіден өткізіп, кез келген ұсынысқа күмәнмен



қарауға үйренуі тиіс. Өйткені бүгінгі алаяқ күш қолданбайды. Ол сендіреді. Ал сенімге алданған адам бәрін кеш түсінеді.

Камилла САҒЫНДЫҚОВА,
Қорқыт ата университетінің
4-курс студенті

Басы 1-бетте

ҰРЫ-ҚАРЫҒА ҚОЛДЫ БОЛДЫҢ БА, ТӨРТ ТҮЛІГІМ?

Сандарды сөйлетсек, мал ұрлығы азайды дейді. Мысалы сонау он жыл бұрын елде 7,3 мың қылмыс орын алса, 2019 жылы 4,7 мыңға азайған. Осылайша ұрлық 40%-ға төмендеген. Ал кейінгі бес жылда Қазақстанда мал ұрлығының саны 64%-ға азайды. 2024 жылы республика бойынша 1026 мал қолды болса, биыл жыл басынан бері 190-ға жуық ұры ұсталыпты. Енді облыстағы жағдайға қарасақ, Қызылордада да ұрлық екі есе азайған.

– Кейінгі бес жылда мал ұрлығы жүйелі түрде төмендеп келеді. Егер 2019-2020 жылдары облыс бойынша жылына 500-ге жуық дерек тіркелетін болса, қазір бұл көрсеткіш шамамен екі есе азайды. Бұл тенденцияның басты себебі – қылмыстық жауапкершіліктің күшеюі. Бұрын ұрылар жәбірленушімен өзара келісіп, шығынды қайтарып, жазадан оңай құтылып кететін. Қазір заң бұған жол бермейді. Мал ұрлаған адам міндетті түрде сот алдында жауап береді және нақты мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін. «Жазаның бұлтартпастығы» принципі көптеген адамды қылмыс жасаудан тежеп отыр, – дейді Қызылорда облысы прокуратурасының Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының аға прокуроры Бағдат Ерімбетов.

Ал тағдау жұмысына сүйенсек, мал көбіне Шиелі, Жаңақорған және Сырдария аудандарында ұрланады. Себебі бұл аймақтарда мал шаруашылығы жақсы дамыған, жайылымдық алқаптары да өте үлкен.

– **Шиелі мен Жаңақорған аудандарының Түркістан облысымен көршілес екенін білесіз. Міне, бұл да қылмыскерлерге үлкен мүмкіндік береді. Олар ұрланған малды көрші облыстың аумағына бірнеше сағаттың ішінде өткізіп жіберуі әдетке айналдырған. Сондай-ақ, Қызылорда қаласы маңындағы ауылдарда ет базары жақын орналасқандықтан ұсақ мал ұрлығы жиі кездеседі, – дейді Бағдат Шаяхметұлы.**

Иә, мұндай қылмыс көбіне алдын ала ойластырылған схема бойынша жүзеге асады. Ең көп таралған тәсілдің бірі – түнгі рейд. Ұрылар

күндіз жайылымдағы қараусыз малды көздейді де, түнде көлікпен келіп, оларды айдап әкетеді немесе сол жерде бауыздап, етін ғана тиіп алады. Көбіне мотоцикл мен «Газель» секілді жүк көліктерін пайдаланады. Тағы бір қауіпті схема – бақташылардың немқұрайлылығы немесе сөз байласу. Ұрылар малдың қай уақытта қараусыз қалатынын немесе қай жерде күзет әлсіз екенін алдын ала біліп отырады. Міне, осы секілді түрлі айланы пайдаланған ұрылар малды әкеліп, пайдаға жаратады. Ал сол ұрланған малдың 80 пайызы ет түрінде сатылады.

– Қылмыскерлер малды оқиға орнында немесе жасырын жерде сойып, етті арзан бағада дөңделерге өткізеді. Ол еттер жалған құжат арқылы немесе бақылауы нашар шағын базарларға, асханаларға жіберіледі. Тірідей өткізу схемасы сирек кездеседі, өйткені тірі малды тасымалдау және оның құлағындағы таңбасын өзгерту үлкен тәуекелді қажет етеді. Қазір біз ет сататын орындардағы ветеринариялық анықтамалардың шынайылығын қатаң тексерудеміз, – деді аға прокурор.

Оншақты жылқысы, 5-10 бас сиыры мен 2 қойы бар Сәкен аға да ұры-қарылардан шаршағанын айтып, күрсінді.

– **Күн көрсек, тіршілік жасап, отбасымызды асырасақ деген ниетпен мал ұстап, бағып жүрміз. Бірақ ауылдың ішінде ұрлық әлі де бар. Менің өзімде жылына кем дегенде бір бас малым қолды болады. Бірақ табылған мал, ұсталған ұры жоқ. Көзбен көрмеген соң, қолмен ұстап алмаған соң, кімнен кінә іздейміз? – дейді ағай.**

Иә, қиын жағдай. Жем-шөбіне дейін өзін дайындап, ас-суын қолмен берген төрт түлігінен хабар болмай, үмітінді үзесін. Ұры табылса игі, табылмаса жанға да тыныштық жоқ. Ал егер ойы қара адам ұсталса, сол тірлігі үшін Қылмыстық кодекстегі арнайы бап бойынша жазаланады. «Мал ұрлығы – ауыр қылмыстардың қатарына жатады» дейді Бағдат Шаяхметұлы.

Егер бұл қарапайым ұрлық болса, адам 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Ал егер ұрылар қораға басып кірсе,


бірнеше рет қайталаса немесе топ болып әрекет етсе, жаза мерзімі 7 жылдан 10 жылға дейін ұзарады. Ең ауыр жаза – ұйымдасқан топ болып аса ірі көлемде мал ұрлағандарға беріледі, олар темір торға 12 жылға дейін қамалады. Бұл баптың басты ерекшелігі – жәбірленуші кешірім берсе де, іс тоқтатылмайды. Яғни қандай айла ойласаң да, қолыңмен жасаған іске басынмен жауап бересің.

Мысалы, жақында екі азамат мал ұрлығы үшін кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. Ұрланған мал иесіне қайтарылды. Дегенмен барлығы сот залында шешіле бермейді. Ал нақтысында қанша іс сотқа дейін жетеді?

– Ашық айту керек, мал ұрлығы бойынша істердің 45-50 пайызы ғана сотқа жетеді. Себебі қылмыскерді анықтау мен оның кінәсін дәлелдеу өте күрделі жұмыс. Сот үкім шығарғанда ең алдымен залал көлемін ескереді. Егер адам жалғыз сиырын немесе атын жоғалтса, бұл отбасы үшін үлкен соққы болғандықтан, сот мұны ауырлататын жағдай ретінде қарайды. Сондай-ақ, ұрдың бұрынғы «рекорды», яғни қылмысты қайталауы және істің алдын ала жоспарлануы жазаны барынша қатаңдатуға негіз болады.

Мал ұрлығы істерінде дәлел жинау – тергеушілер үшін ең қиын жұмыстардың бірі. Көбіне мал иелері жоғалған малды өздері іздеп, уақытын жоғалтып алады. Осы уақыт ішінде қылмыс орнындағы іздер де өшіп кетеді. Дегенмен, біз қазір заманауи технологияларды қолданамыз. Яғни жолдардағы камераларды тексереміз, күдіктілердің телефон арқылы қай жерде болғанын анықтаймыз (биллинг) және табылған ет немесе теріге ДНК сараптамасын жүргіземіз. Осы сараптама арқылы табылған еттің нақты қай малдікі екенін 100 пайыз дәлдікпен анықтауға болады, – дейді Бағдат Ерімбетов.

Ең қорқыныштысы – мал ұрлығы кәсіби дағдыны қажет ететін қылмыс. Облыстық прокуратураның мәліметіне сүйенсек, ұсталғандардың шамамен 40 пайызы бұрын мүліктік қылмыстар үшін, соның ішінде мал ұрлығы үшін сотты болғандар екен. Бұл адамдар малдың құлағындағы сырғаны қалай ауыстыруды, етті қайда өткізуді және полициядан қалай қашуды жақсы біледі.



Мұндай қылмыстардың жолын кесу, тым болмаса алдын алу үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр? Осы сұраққа жауап іздеп, Қызылорда облысының Полиция департаментіне хабарластық.

Департаменттің мәліметінше, өңірде мал ұрлығының алдын алу және оны дер кезінде анықтау мақсатында жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Полициялық тексеріс жұмыстарымен шектелмей, ауыл тұрғындары мен бақташыларға да түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Ұрлық фактілері орын алған жағдайда қолданылатын заң талаптары түсіндіріліп, қауіпсіздік шаралары жазылған арнайы жадынамалар таратылған. Сондай-ақ жайылымдағы малға қырағы болу, күмәнді жағдай байқалған сәтте немесе оқиға орын алғанда бірден «102» арнасы арқылы полицияға хабар беру қажеттігі жөнінде ескертілген.

– Мал ұрлықтарының алдын алу және ашу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мал базарлары мен ет өнімдерін сататын орындар, мал сою цехтары үнемі тексеріледі, – дейді Қызылорда облысы Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Канат Өсербай.

Мысалы жыл басынан бері мал ұрлығын жасаған 8 қылмыскерден құралған 2 топ құрықталған. 19 қаңтар күні Арал ауданына қарасты Ж а қ с ы қ ы л ы ш ауылының маңында полиция қызметкерлері күдік тудырған УАЗ маркалы автокөлікті тоқтатып, тексеру жүргізген. Көлік бортынан ешқандай құжаты жоқ төрт бас жылқы табылған. Жедел-тергеу әрекеттері

барысында бұл жылқылардың жайылымынан ұрланғаны анықталды. Тіпті Тоқабай ауылындағы мал иесі сол сәтте өзінің малы жоғалғанынан бей-хабар болған.

Кейін жүргізілген тінту барысында күдіктілерден тағы екі жылқы мен жылқы еті тәркіленді. Тергеу деректеріне сәйкес, олардың әрекетінен жәбірленушіге 3 млн 140 мың теңге көлемінде материалдық шығын келген. Полиция күдіктілерден «Желмая» маркалы мотоцикл мен басқа да заттай дәлелдемелерді тәркілеген. Жоғарыда жазғанымыздай, сот үкімі бойынша айыпталушылар 3 жылға бас бостандығынан айырылды.

Осындай оқиғалар мал ұрлығының әлі де өзекті мәселе екенін көрсетеді. Сондықтан бұл бағытта тек құқық қорғау органдарының әрекеті ғана емес, мал иелерінің де жауапкершілігі маңызды.

– Ең басты талап – малды қараусыз қалдырмау. Егер мал бос жүріп, жол-көлік оқиғасына себеп болса немесе біреудің егінін таптаса, иесі әкімшілік айыппұл төлейді. Сондай-ақ, малды міндетті түрде сырғалау және базаға тіркеу қажет. Егер мал тіркелмеген болса, ол ұрланған жағдайда прокуратура мен полицияға оның иесін анықтау және шығынды өндіру заң тұрғысынан өте қиынға соғады, – деп ескертті Қызылорда облысы прокуратурасының Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының аға прокуроры Бағдат Ерімбетов.

Сандарға қарап, мал ұрлығы азайды дедік. Азайғанымен, шаруалар бөтеннің қорасына көз салатындардан әлі де сескенеді. Бір басты екеу қыламын деп тыраштан-тырашып, тіршілігінді жасап жүргенде үнсіз бір жау келіп бір ақ сәтте малыңды ұрлайды да кетеді. Ізін де қалдырмайды.

Бүгін ұрланған сиыр бір отбасының ертеңгі азығы екенін ұмытпаңыз! Иә-иә, сізге айтып тұрмыз, «құрметті» ұры-қары!

Әлия ТӘЖІБАЙ



Суреттер ашық дереккөзден алынды



БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС



19 қараша. 2021 жыл. Дәл осы күні Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің жанынан құрылған «Assorti» театры көрерменге алғашқы қойылымын ұсынды.

Міне, арада бес жыл өтті. Бүгінде театр ұжымы көрерменнің ықыласына бөленіп, өз аудиториясы қалыптасқан шығармашылық ұжымға айналды. Олар театр сахнасында қоғамдағы өзекті мәселелерді де, тарихи тұлғалардың тағдыры жайында да, жастар өміріндегі түрлі құбылыс туралы да көрсетті.

Мысалы ұжымның алғашқы қойылымдарының бірі – «Ызғар» трагедиясы. Спектакльдің желісі 1986 жылдағы Желтоқсан оқиғасына негізделіп, сол кезеңдегі жастардың азаттыққа ұмтылған рухын бейнелейді. Қойылым қазіргі уақыттағы қыз бен оның апасының әңгімесінен басталады. Апасы – Желтоқсан көтерілісінің куәгері. Қызына өткен тарихты баяндау арқылы көрерменді 35 жыл бұрынғы оқиғаларға жетелейді. Кейін студенттік өмірді бейнелейтін «Біз де первач болғанбыз» қойылымы көрерменге жол тартты. Сонымен қатар «Мұғалім» атты психологиялық драмасы қойылды, бірнеше бөлімнен тұратын ерекше форматтағы трейлерді де сахналады, театр ұжымы батыр Мәншүк Мәметованың ерлігіне де құрмет көрсетті. «Батыр Мәншүк» спектакліне 150 студент пен 50 мұғалім атсалысып, қойылым батырдың туған жері – Орал қаласында сахналанды. «Мәншүк апамыздың ізбасарлары, Мәншүк жастары ретінде республикалық спектакль қойдық» дейді олар.

Ал биыл бес жылдық белеске қадам басқан театр ұжымы көрерменге жаңа премьерасын ұсынды. Жуырда «Тастамашы, ана!» спектаклінің тұсаукесерін ұйымдастырды. Асқар Токмағанбетов атындағы мәдениет үйіне жиналған қалың көрермен спектакль барысында толқып, көз жасқа да ерік берді. Бұл – сахнаның киесін сезінген, өнерге шын берілген студенттердің еңбегінің нәтижесі болса керек.

Алайда көрермен сахнада дайын дүниені ғана көреді. Ал сол қойылымның артында айлар бойы жүргізілген тынымсыз дайындық, ізденіс пен

еңбек жатыр. Премьераға бір күн қалғанда «Assorti» студенттер театрының ұжымымен танысу үшін мәдениет үйіне бардық. Сол жерде бізді театр жетекшілері Еркемай мен Арай қарсы алды. Айтпа кетейік, Еркемай Мейрамбекқызы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының 4 курс студенті, ал Арай Әубәкір бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі бөлімінің білім алушысы. Ол да биыл колледждегі оқуын тәмамдайды.

Біз кіргенде залдың іші қызу дайындық үстінде екен. Бірі сахнадағы жарықты реттеп жүрсе, енді бірі микрофондарды тексеріп, декорацияларды орындарына қойып әлек. Сахнаның бір шетінде студенттер мәтіндерін қайталап, бір-біріне демеу айтып тұр.

Премьераға санаулы уақыт қалғанымен, ешкімнің бойында шаршау байқалмайды. Керісінше, әрқайсының жүзінен толқу мен жауапкершілік сезіледі. Себебі көрермен алдында өнер көрсету – жай ғана рөл ойнау емес, үлкен еңбек пен сенімнің нәтижесі.



Театр жетекшілерінің айтуынша, жаңа қойылымға шамамен үш ай дайындалған.

– Бүгінге дейін махаббат, соғыс тақырыптары қозғалып, трейлер жанрында да қойылым қойдық. Бірақ ана мен баланың қарым-қатынасы жайында спектакль болмаған. Сондықтан биыл «Тастамашы, ана!» спектаклін қойып жатырмыз, – деді Еркемай Мейрамбекқызы.



Театр ұжымында 27 студент актер, ал олардан бөлек өнер бөлімінде білім алатын биші, әнші қыз-жігіттер бар. Олар актерлермен тығыз жұмыс істеп, қойылымды

музыкамен сүйемелдейді. Мысалы премьерда жігіттерден құрылған «Kvinto» тобы жанды дауысты ән айтады.

– «Assorti» студенттер театрымен бірге былтырдан бері жұмыс істеп келеміз. Бұл ұжым бізге қатты ұнайды, керемет жандар. Бізден кейін келетін студенттер де жақсы деңгейде жұмыс істейтініне сенемін, – деп пікір білдерген музыкалық білім беру мамандығының 4 курс студенті Абай Ерболатұлы қойылымдағы музыкалық сүйемелдеудің маңызына тоқталды.

– «Анашым-ай», «мама», «әкешім» секілді әндерді жанды дауыста орындаймыз. Бізде ешқандай фонограмма қолданылмайды. Жалпы сахналық қойылымның әсерлі шығуына дәл осы жанды музыка үлкен әсер береді. Көріністің эмоциялық қуатын күшейтетін де – осы музыка, – деді ол.

«Kvinto» тобы бұған дейін театрдың екі қойылымына қатысқан. Ал оған дейін «Япурай» хор ұжымы мен «Харизма» вокалдық тобы өнер көрсеткен. Осы топтардың жетекшісі Сәуле

ойластырылған. Мысалы ескі есік бірден назар аудартады. Сол секілді режиссерлік шешім бойынша әдейі ескі заттар таңдалып, балалар үйінің салқын атмосферасын жеткізуге мән берілген. Сахнадағы кубиктердің бірінде «Анашымды сағнымды» деген жазу бар. Бұл – балалар үйіндегі баланың ең үлкен арманы мен сағынышын білдіретін деталь.

Басты рөлдегі кейіпкер – Лияса. Спектакль 35 жастағы Лиястың сөзінен басталады. Ал оның бала кезін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің болашақ мұғалімі Диас Зейнулла сомдайды. Сөз барысында ол бұл рөлдің ауыр әрі үлкен жауапкершілікті талап ететінін айтты. Десе де жоғары деңгейде алып шығатындарына сенім мол.

Ал Еркемай Әлия есімді Лиястың әпкесінің рөлін сомдайды.

– Ауыр сахнаның бірі – балалардың әкесінен айырылып қалуы. Жетім қалған 3 бала балалар үйіне жіберіледі. Жаңа жерге үйренсе алмай, қиындықтар, жылау секілді сахна көрсетіледі. Әлияның рөлін сомдау қатты қиын болмады. Себебі былтырғы премьерда да ауыр рөлдің бірін сомдадым, – деді ол.

Ал 2 курс студенті Шахназ Меңлібекте бүгін дебют. Ол Лиястың қарындасын сомдайды. Театрға биыл кастинг арқылы өткен. Бірінші курс студенті кезінде осы театрдың сүйікті көрермені болған ол, бүгінде аға-әпкелерімен бірге бір сахнада өнер көрсетіп жүр.

Ал Арай Әубәкір спектакльде балалар үйінде бұрыннан тәрбиеленіп жүрген тентек қыздың рөлін сомдайды.

– Бұл кейіпкерді ойнау аса қиын болған жоқ. Себебі театрда жүргеніме биыл үш жыл болды. Осы уақыт ішінде жинаған тәжірибем рөлді ашуға көп көмектесті, – деді ол.

Тентек демекші, балалар үйіне жаңадан келген балаларға тиісіп, қысып көрсететін Даянның рөлін Әділет есімді жігіт сомдайды. Ал Фаридтің бейнесі – трагедиялық сипаттағы кейіпкер. Ол өзіне түскен ауыр қысымға шыдай алмай, өмірмен қоштасу жолын таңдайды.

Театр сахнасында өнер көрсетуді қалайтын студенттер үшін жыл сайын арнайы кастинг ұйымдастырылады.

– Иә, кастинг жыл сайын өтеді. Бұл ұжымның үздіксіз жаңарып отыруына мүмкіндік береді. Кастингге келетіндердің арасында ән айтуға, би билеуге, поэзия оқуға жақын өнерпаздар да бар. Сахнаға шығып, бір сөз айту да үлкен жауапкершілік пен еңбекті талап етеді. Сондықтан тек басты рөлді сомдайтын актерлер ғана емес, массовқада еңбек ететін студенттер де маңызды орын алады, – дейді Арай Нұрланқызы.

Міне, жас таланттардың дайындығын көзбен көріп, еңбегіне тәңгі болдық. Болашақ мұғалімдерді даярлайтын колледждің студенттері біліммен қатар өнерден де хабарлар екенін дәлелдеді.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Әбдіжәмилқызымен де әңгімелесіп үлгірдік.

– Студенттермен бес жылдан бері бірге жұмыс



істеп келемін. Барлығын өз баламдай көремін. Қазір дайындық жақсы деңгейде өтіп жатыр. Өрине, аздап толқу бар, бірақ бәрі сәтті өтетініне сенеміз! – деді ол.

Бағана айтқанымыздай театр ұжымында 27 студент бар. Олар тек сахнада рөл сомдап қана қоймайды. Қажет кезде режиссерлік тапсырмалар, декорация орнатуға, сахна артындағы жұмыстарға да көмектеседі. Себебі бұл ұжым үшін театр – ортақ еңбек пен бір мақсатқа жұмылған шығармашылық алаң. Декорациялар колледж жанындағы шеберханада жасалған. Әр деталь көрерменге сахнадағы оқиғаны жеткізу үшін

Басы 1-бетте

Қазір түрлі платформада жасанды интеллект көмегімен жасалған әндер қаптап кетті. Әсіресе әлеуметтік желілерде трендке айналған мұндай туындылар көпшілікке тез таралады. Мәселен, Instagram желісінен құлағамыз жауыр болған «Махаббатым» әні, оны көбі «Кетпе, күнім, кешір менің қиялымды» деп таниды. Бұл Лола деген өзбек әншісінің әні еді. Осы секілді кейбір танымал әндердің дауысын, стилін көшіріп, жаңа композиция ретінде ұсынатын жағдайларды жиі кездестіріп жүрміз.

Бұрын бір әннің дүниеге келуі ұзақ процесс болатын. Ақын мәтін жазатын, композитор әуен шығаратын, орындаушы оны жанымен жеткізетін. Бұл жолда қателік те, ізденіс те, еңбек те болатын. Ал қазір бір ғана команда арқылы толық дайын ән алуға болады. Бірақ ол туындыларда «жан» бар ма?

Музыканың мәні тек әуенде емес. Оның ең басты құндылығы адам сезімін жеткізуде. Мысалы, Людвиг ван Бетховен өмірінің соңында есту қабілетінен айырылса да, әлемдік классикаға айналған туындыларын жазуды тоқтатпаған.

Ол музыканы құлақпен емес, жүрегімен тыңдады.

Оның әрбір шығармасында ішкі күрес, тағдырмен тартыс, адам рухының биіктігі сезіледі. Осындай еңбектің нәтижесінде туған өнер мен алгоритм арқылы жасалған өнімнің салмағын салыстыру қиын.

Жасанды

ЖАСАНДЫЛЫҚ ӨНЕРГЕ ЖАТ

интеллект шығармашылық процесске араласқан сайын, өнердің табиғаты өзгеріп барады. Қазір кейбір әндердің мәтіндері де арнайы бағдарламалар арқылы жазылады. Мұндай мәтіндерде рифма бар, құрылым бар, бірақ көбіне терең ой жетіспейді. Олар тыңдаушыға әсер етуі мүмкін, бірақ ұзақ уақыт есте қалатын рухани салмаққа ие бола алмайды. Ал артында ізі қалмаса, оның несі өнер?

Бұл құбылыстың тағы бір қауіпті тұсы бар. Ол авторлық құқық мәселесі. Жасанды интеллект бұрынғы мындаған әнді талдап, солардың элементтерін



біріктіріп жаңа туынды жасайды. Бірақ «бұл жаңа дүние шынымен жаңа ма, әлде бұрынғының өзгертілген нұсқасы ма» деген сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Өнерде түпнұсқалық өте маңызды.

Дегенмен технологияны толықтай жоққа шығару да дұрыс емес. Жасанды интеллект музыканттарға көмекші құрал ретінде пайдалы болуы мүмкін. Ол идея ұсынуы, аранжировка жасауға көмектесуі, уақытты үнемдеуі мүмкін. Бірақ мәселе оны қалай қолдануға жатыр. Егер адам толықтай алгоритмге сүйенсе, онда шығармашылықтың өзі мәнін жоғалтады.

Өнер деген тек нәтиже емес, ол процесс. Ән жазу барысында автор өзімен жұмыс істейді, ойланады, ізденеді, қателеседі. Сол процесің өзі шығарманың құндылығын арттырады. Ал жасанды интеллект бұл процесті қысқартады. Нәтижесінде дайын өнім бар,

бірақ оның артында тарих та, тәжірибе де жоқ.

Қазіргі тыңдарман да өзгерді. Жылдам тұтынылатын контент дәуірінде адамдар көбіне терең мағына іздеуден гөрі жеңіл әуенді таңдауға бейім. Бұл да жасанды интеллектпен жасалған әндердің көбеюіне әсер етіп отыр. Себебі мұндай әндер дәл осы сұранысқа сай келеді. Олар тез жасалады, тез таралады және тез ұмытылады.

Музыка тарихына көз жүгіртсек, ең ұлы туындылар уақыт сынынан өткен шығармалар екенін көреміз. Тіпті бұл жарық дүниеге шықпай кетке қаншама



ән мен мелодия бар.

Қазақ музыкасының алтын қорына енген туындылардың әрқайсысы тек әуен ғана емес, тұтас бір дәуірдің үні іспетті. Мүмкін бүгінде көп тыңдала бермесе де, әр жүректі тебіренітіп, жаңа тыныштық сыйлаған туынды аз емес. Солардың бірі – «Балқалыш» әні. Бір қарағанда махаббат жайлы лирикалық шығарма болғанымен, оның астарында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, қыз тағдыры, дәстүр мен таңдау мәселесі жатыр. Бұл әндегі әрбір жол тек сезім емес, дәуірдің тынысын жеткізеді һәм осындай мағыналы әндер тарихымызда кен көлемде кездеседі.

Одан бөлек, қанша жыл өтсе де, құндылығын жоғалтпаған Шәмші Қалдаяқовтың әндері


әлі күнге дейін кез келген отырыста орындалатын туындылар қатарында. Дос-Мұқасанның, МузАРТ-тың, Сыр елінің тумасы Батырхан Шүкеновтың әндері талай жаңа демеу бола білді десек, артық айтқанымыз емес. Жә, бұл қатарды әлі де жалғастыруға болар еді, бірақ сөзіміздің астарын түсінген де боларсыз.

Жасанды интеллект мұндай туындыларды әзір ойлап таба алмайды және бәлкім ойлап таппағаны да дұрыс шығар. Себебі шынайы өнер туындысы сезімнен, ізденістен туады. Қиындықпен, еңбекпен кейде тіпті жоғалтумен келеді. Оның құны да болады. Егер біз өнерді жеңілдетіп, бір батырмамен жасайтын деңгейге түсірсек, онда оның қадірі де, қасиеті де бес тиын.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект музыка саласына жаңа мүмкіндіктер алып келгенімен, оның көлеңкелі тұстарын ескергеніміз жөн. Ең бастысы, адам шығармашылықтағы өз орнын жоғалтпауы керек.

Технология құрал болуы тиіс, ал өнердің өзегі адам болып қалғаны абзал.

Қорлан САРЫ





ЖӘДІГЕРГЕ ТОЛЫ ЖАН САРАЙ

Басып-бетте

Тағы бір елен еткізер жаңалық – ауданға қарасты Н.Лиясов ауылында «Нағи Лиясов ауылының тарихы» бөлімі ашылып, реэкспозиция жұмыстары жасалды. Батыр атындағы ауылда рухты көтеретін осындай ерек дүние қолға алынды. Бұл да бір керемет істің нәтижесі болса керек-ті. Айта кетейік, мұндай үлгідегі, яғни, қоғамдық негізде құрылған 7 музей бар. Алдыңғы қатарда Бесарық ауылындағы қоғамдық музей тұр. Осы жұмыстардың басында Сырдария ауданының Құрметті азаматы, тарихшы Нұрмағанбет Ибадуллаұлы мен өлкетанушы Жұмабай Байзақұлы бар. Олар елдің тарихымен сабақтас шежірені, құнды жәдігерлерді зерттеп, елдің ертеңгі тізгінін ұстау ұландардың санасына сіңіріп жүр. Әрине, бұл – үлкен жауапкершілік іс.

Әңгіме қоғамдық музей бағытына бұрылған соң, айта кетпексе болмас. Қазақтың көрнекті ақыны, жазушысы, қоғам қайраткері Асқар Тоқмағамбетовтің туғанына 120 жыл толуына орай, Қызылорда қаласындағы «А.Тоқмағамбетов атындағы қоғамдық музейінің» көрме залына ішінара толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Ал Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің «Н.Лиясов ауылының тарихы» бөлімі ашылып, реэкспозиция жұмыстары жасалды. Жаңартылған бөлімде ауылдың қалыптасу кезеңі, әлеуметтік-экономикалық дамуы, еңбек адамдарының жетістіктері мен тарихи тұлғалар туралы тың деректер мен құнды жәдігерлер кеңінен ұсынылды. Экспозиция заманауи талаптарға сай безендіріліп, тақырыптық мазмұны толықтырылып, келушілерге ақпаратты түсінікті әрі әсерлі жеткізу мақсатында жаңа форматта ұсынылды.

Музей ісінде аудан көлемінде елеулі із қалдырған азаматтар жетерлік. Мекеме тарихында ұлт руханиятына жанашырлық танытып, жәдігерлерді іздеп жүріп жинаған, сөрелі тек жәдігермен емес, ауданның өткен тарихымен толтырған тұлғалар бар.

Аудандық музейді құру жолында елдің жанашыр тұлғалары басшылық қызмет атқарды. Мәселен, 1990-1997 жылдар аралығында музейді алғаш ұйымдастырған ұстаз, жергілікті ақын Сейтмұрат Ембергенов еді. Содан кейін «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі Алмағұл Сайранқызы ұжымды 20 жыл басқарып, саланың өркендеуіне сүбелі үлес қосты. 2016-2023 жылдары Сырдария ауданының Құрметті азаматы Марат Жүсіпәліұлы музей саласындағы ілімді істерге өз қолтаңбасын қалдырды. Музейдің жәдігерлерінің толықтай жасакталу барысында өлкетанушы, көленер шебері Жәнібек Маханбеттің де еңбегі зор, – деді музей меңгерушісі.

Бүгінде тарихпен тілдесуге себепкер музейдің қорында 12113 экспонат бар. Оның негізгі қоры – 7322, көмекші қоры – 4791. Музей материалдары ауданның қалыптасу және даму тарихы, даңқты істері, өндірісті және мәдени өсуі туралы мәліметтер береді.

мен аяғың сәл көтеріңкі жатса, адамның денесі дем алады дегенді айтып жүр. Демек, біздің бабаларымыз медицинаны ғасырлар бұрын білген. Не деген көрегенділік десенші. Менің таңданар тұсым осы, – деді төсектегі ұстап тұрып. Тарихы да, пайдасы да шаш етекпен екен.

Музей қоры жыл сайын толықтырылып келеді. Мәселен, «Музейге сый» акциясы ұлттық тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау мәселесіне қоғам назарын аудару, ел арасында елеусіз жатқан тарихи маңызы бар құнды дүниелерді, ұлы тұлғалардан бізге жеткен жәдігерлерді жинақтау, кәсіби тұрғыда сақтау, көпшілік назарына ұсыну мақсатын айқындаған. Кейінгі уақытта бұл акция үздіксіз жүргізіліп келеді.

– Музей қорындағы жәдігер санының артуына бұл бастаманың қосар үлесі зор. Атап айтар болсақ, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай жерлестеріміз соғыс және еңбек ардагері Зинаддин Лекеров, Болат Нұрсейітов, Маханбет Бержанов, Аргынбай Сырғабаев, Беркінбай Каденов, Әбдібахит Нұрманов, Спандияр Сманов, Сүйеубай Тасқынбаев, Асан Көшербаев, Темірғали Қауышев, Әбіл Таңсықбаевтың орден-медальдары, құжаттары, тұтыңған заттары музей қорына қабылданып, зал экспозициясынан орын алды, – дейді Салтанат Нұрмағанбетқызы.

Бүгінде аудандық тарихи-өлкетану музейінде 13 адам жұмыс істейді. Сала мамандары ғылыми, тарихи негіздегі мәліметті тереңнен зерттеп, жергілікті халыққа ұсынады. Олардың ұлт руханиятын байыту жолындағы еңбегі орасан зор.

Музейдегі құрмет кітапшасында елге белгілі көп азаматтың қолтаңбасы бар. Олардың қатарында Болгария Республикасының азаматы Семьен Пешов, КСРО халық әртісі, Қазақстанның халық әртісі, халық қаһарманы Роза Бағланова, ақын Қайырбек Асанов, ҚР еңбегі сіңген мұғалім Сақыбек Алданазаров, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шаханов, Бұқарбай батырдың шөбересі Жоламан Алданазаров, қырғи тілді ақын Асқар Тоқмағамбетовтің балалары мен немерелері, Ақпарат және қоғамдық министрлігінің қызметкері Ғазиз Тейібаев, эңші-сазгер Тінал Әшірбек, Қазақстан Өкіметі кеңесшісінің жауапты қызметкері Бисенғали Баспақов, ардагер Камал Бердаулетов, республикаға аты белгілі ақын, аудармашы Сейфулла Оспанов, «Үркер» журналының бас редакторы, жазушы Қуандық Түменбай, Президент әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Қ.Әбішев, ҚР



ескі арнасының сол жағалауындағы ортағасырлық Асанас-3 қалашығында музейлік шағын археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Аталған қалашық туралы ғылыми мәліметтерді осы экспедицияға қатысқан Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Әкімжан Әжікенов «Сыр қойнауындағы тарих: Асанас-3 қазбалары» тақырыбымен аудандық «Тіршілік тынысы» газетінде көпшілік назарына ұсынды.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі археологиялық экспедициясы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Жетікөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 22 шақырым жерде орналасқан Торанғалсайдың ескі арнасының сол жағалауындағы, ортағасырлық Асанас-3 қалашығына шағын археологиялық зерттеу қазба жұмысын жүргізді. Шағын археологиялық қазба жұмысы қалашықтың орталық бөлігінде жүргізіліп, үлкен үйдің 2 бөлмесі ашылып, бұлардың шаруашылық бөлмелері болғандығы анықталды. Сондай-ақ шағын археологиялық қазба жұмысының нәтижесінде табылған артефактілерге лабораториялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нысанның хронологиялық уақыты анықталды. Асанас-3 нысанынан табылған монета мен керамикалық ыдыс санына қарай, археолог ғалымдардың пікірінше, шамамен Алтын орда дәуіріне тұспа-тұс келеді. Ал үлкен Асанас маңында қобіне мекен еткен тайпалық қауым жергілікті оғыздар болғандығын білеміз. Асанас-3 үлкен Асанас қалашығынан шамамен 3-4 шақырым жерде орналасқан және осы орайда орналасқан жер аумағымен тарихи тығыз байланысты нысандар болғандығын көре аламыз. Сонымен қатар Асанас-3 нысанының астыңғы мәдени қабат жоқ тек бір қабаттан тұратыны зерттелді. Нысанның өз заманында белгілі бір тұрақтайтын шаруашылық әдісі қолданылды, – дейді Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Әкімжан Әжікенов.

Әкімжан Әжікеновтің де осы салада білімі мен тәжірибе қоры жиналған. Талай долада топ жарып, алдыңғы орыннан көрініп жүрген азамат. Таяуда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Үздік музей қызметкері – 2025» облыстық байқауы өтті. Іс-шараға облыс көлеміндегі музей қызметкерлері қатысып, 3 кезең бойынша бақ сынасты. Әр кезеңде үміткерлердің кәсіби дайындығы, жаңашыл

құрастырған. Тіпті, Қызылорданың атын қойған тұлға ретінде бүгінде тарихи жиындарда айтылып, баста беттерінде жарық көріп келеді. Қоңырқожадан бөлек, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров сынды алып тұлғалар да – Мұнайтастың күйеу балалары. Бір ауылдағы бір әулеттің ғұмыр дерегіне қазақтың ғасырлық тарихы сөйлеп тұрғандай. Белгілі өлкетанушы Жұмабай Байзақұлының мақаласындағы «Малы мен жанына береке дарыған Мұнайтастың үш әйелі Бозша, Рәқия, Хадисадан тараған 19 ұл-қыз осы өлкеде ер жетіп, Алашқа қызмет ету үшін әлемнің түкпір-түкпіріне тарап шұғыла. Заманның ағымын аңғара алған сұңғыла жан Мұнайтастың балалары билесі Алмания, Ресейде білім алған, барам деген жеріне барған, алам дегенін алған, кілең «Сен тұр, мен атайын», атпал азамат болып өсті» дегенінің өзі әулеттің іргелі екенін байқатып тұр...

Айта кетейік, ғылыми қызметкер Зияда Шерімбетова Сыр өлкесінен шыққан Қоңырқожа Қожықовтың өмірі мен қызметі туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде Қоңырқожа Қожықовтың ағартушылық, этнографиялық, ғылыми және саяси қызметіне қатысты тың деректер жинақталып, оның ұлт ұстазы ретінде тұлғалық келбеті тереңірек ашылды. Зерттеу жұмыстары «Дәуірлер тоғасындағы Сыр өңірі: тарих және тағлымы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынылып, ғылыми жинаққа енді.

Өткен жылы Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының Астана қалалық филиалының ғалымдары Гүлнұр Мұқанова және Самат Жұматай Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейіне «ХІХ – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы халық емішлігі мен дәстүрлі медицина тарихы» жобасы аясында ғылыми ісәрісаттермен келді. Ғалымдар Садық ахунның емдік бағыттағы қолжазбалары мен кітаптарын, сондай-ақ емдік шөптерге қатысты материалдарды зерттеді. Сонымен қатар, музей қорындағы көнерген араб және төте жазуда жазылған тарихи қолжазбалармен танысып, олардың көшірмесін алды. Зерттеу нәтижесінде ғылыми қызметкер Зияда Шерімбетованың «Садық ахун Қодарұлы – халық емішлігі мен дін-ағартушылықтың көрнекті өкілі» атты жұмысы «ХІХ–ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы емдік және халықтық медицина тарихы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұсынылып, жинаққа енді.

Иә, осындай тарихты тал бойына сіңіріп, барлығын түсіндіріп, оқиғаны сөзбен сурет салғандай жеткізген Салтанат Нұрмағанбетқызы әлі де болса музей ісі алға басып, жұмыстың қарқын алатынын айтып, Бұлақтың отыз жылдық мерекесі қарсаңында да ауыз толтырып айтарлық шаруа бар. «Оның барлығын уақытында көреміз» деп қысқа қайырды.



Бүгінде музей экспозициясында Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің депутаттары, білікті аудан басшылары, Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалімдер, Қазақстанның көрнекті жазушылары, ауданымыздың мақтанышына айналған тұлғалар мен ғалымдарымыз, дәрігерлер, көленер шеберлері мен суретшілер туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар, музей жәдігерлерінің ішінде Аралбай батырдың қылышы, бес қару, ат әбзелдері, Абай тұтыңған асадал (шаф), Сауранбай болыстың кебезісі, ағаш табағы мен керсені, Марка Қобландынның сандығы, 200 жылдық тарихы бар шаңырақ, 1 ғасырлық тарихы бар ағаш төсек, киіз үйдің есігі (сықарлауық), түкті және тақыр кілемдер, түскізілдер, қоржындар мен кесекәптар, мыс көзлер және керамикалық көзе, қобыз коллекциялары, зергерлік бұйымдар, құнды қолжазбалар, түрлі деректі суреттер мен құжаттар, ҚР Суретшілер Одағының мүшелері Ш.Сейтмұратовтың, Ш.Смоленовтың Ж.Маханбеттің, Ж.Исмағұловтың туындылары – музейдің тарих шырақшысы, ұрпақтан-ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін маңызы зор тарихи орын екенін дәлелдей түскендей, – деді ол әңгіме арасында.

Музей қорындағы ағаш төсек кірген сәтте бірден көзге түседі екен. Жасалуы да ерекше. Бас жағы мен аяқ жағы көтеріңкі келеді. Ағаш төсекке мөн беріп қарап тұрғанда Салтанат Нұрмағанбетқызы жәдігердің ерекшелігіне одан сайын тереңдей тақырып тарқатты.

Негізінде мына ағаш төсекте адам теріс жата алмайды. Байқап тұрсаңыз, бас жағы мен аяқ жағы көтеріңкі. Қазір дәрігерлер басын

Жоғарғы сотының төрағасы Қайрат Мәми, ҚР Парламент Сенатының депутаты Д.Досамбетов, «Хабар» теле-арнасының қызметкері Сағатбек Қалиұлы, «Алтын Орда» журналының бас редакторы, Жазушылар Одағының мүшесі Мейірхан Ақдәулетұлы, Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов, ҚР мемлекеттік қызмет ісі бойынша басқарма агенттігінің бас маманы Жазира Жылқышыева, Қазақстан Торжолының алғашқы генерал қызы, профессор Рысты Хасенова, Сенаттың Халықаралық қатынас қауіпсіздік және қорғаныс комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов, ақын Қалдыр Мырза-әлі, ҚР Мәдениет вице-министрі Ғ.Тұрысбекұлы, қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір бар. Олардың әрбірі музей қызметкерлерінің жұмысына оң бағасын беріп, құрмет кітапшасына өз қолтаңбасын қалдырған. Бұл кісілердің бірі келместің кемесіне мінесе, көпшілігі ел игілігіне қызмет етіп жүр. Әрине, осындай тұлғалардың оң бағасын беріп, құрметті қолтаңбасын қалдырғаны біз үшін – үлкен мәртебе.

Аудан көлеміндегі ортағасырлық тарихи қалалардан табылған мұралар да музей тәрінде тұр. Мәселен, Жетікөл ауылындағы Асанас пен Қоғалықөл ауылындағы Қышқаладан табылған жәдігерлерге арнаулы бұрыш қойылған. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы тамыз айында Қызылорда облысы, Сырдария ауданына қарасты Жетікөл ауылынан оңтүстік-батыс бағытта 22 шақырым қашықтықта орналасқан Торанғалсайдың

ҰСТАЗ МҰРАСЫ — ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ (Редакцияға хат)

«Ұстазы жақсының — ұстанымы жақсы» дейді дана халқымыз. Менің өмір жолымдағы шамшырағым, поэзия әлеміндегі бағдарым болған ардақты ұстазым, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Байсынова Ғазиза Балтабекқызы — тек білім беруші ғана емес, ұлттық рухты бойымызға сіңірген тәлімгер.

Өткен жылы қазақ әдебиетінің алыбы Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығы аталып өтті. Осы айтулы күнге орай, ұстазымның қаламынан туған, тарих толқынын толғайтын «Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арнау» және егемендігімізді ұлықтайтын «Тәуелсіздік — бағым» атты жырларын оқырман қауымға ұсынууды жөн көрдім.

Ілияс Есенберлинге арнау туралы

Бұл жырда жазушының тағдыры ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларының басынан кешкен ауыр кезеңдері шебер суреттелген.

Кейіпкердің балалық шағындағы жетімдік тауқыметі мен соғыстағы ерлігін тілге тиек ете отырып, оның «сынбас қайсарлығын» жақсы ашқан. Есенберлиннің басты еңбегі — халқына тарихын қайтарып беруі еді. «Өшпеді отын, ізін де, тарихтың беті тұрағы» деген жолдары осы миссияны дәл айқындап тұр. «Жаудың қызын алдың» деп айыпталған кезеңдерін, қуғын-сүргін жылдарын қоса отырып, шындықты бүкпесіз жырлауы өлеңнің құнын арттырады.

А.ШОНЖАР,
шәкірті

КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ КӨШБАСШЫСЫ

Кең құрсақты дүние, әкелдің талай алыпты,
Әлпештеп бірін өсірдің, бірі қараусыз қалыпты.
Өмір үшін күресіп, көш ілгері ұмтылған,
Беттерде киген кейбіреу кім екенін танытты.
Халықтың ұлы Ілияс небары сегіз жасында,
Жетімдік пен аштықтан араша болмай қасында.
Інісін алды асырап, ал мұны керек етпеді,
Мына жауыз өмірде қорғансыз қалды расында.
Қатыгез өмір толқыны аямай соқты жартасқа,
Сынбады, сенді өзіне Ілияс — қайсар нарғасқа.
Қайсарлығын дәлелдеп, соғысқа тағы аттанды,
Көрсетпеген нең қалды, сынағың қандай бар басқа?
Аядын ба, білмедім, өлмеді, тірі келді өне,
Ғашығына қосылды, мүмкіндік оған бер көне.
Ол да сенің балаң ғой, тұяғын артта қалдырсын,
Сүйікті жары, ұрпағы — өмірінің бұл мәні.
Заманы ку, түлкі сұм, жақсы көрініп алдайды,
Бақытты болам деп еді, қиындықтар қалмайды.
«Жаудың қызын алдың» деп, жауды іштен іздеген,
Жалмауыздар жалмаңдап, абақтыға қамайды.
Өз жеріме өзгелер кешірттіп күйін малайдың,
«Репрессия» кешегі жалмаған басын талайдың.
Ілиястай көзі ашық, елім деп туған ерлерін,
Езгіге алып жаламен, «сталиншілдер» талайтын.
Тіліміз бір болғанмен, тірлігіміз әртүрлі,
Бір туғанбыз дегенмен, туыстығымыз біртүрлі.
Қаны қазақ кейбіреу, көпірлердің кейпімен,
Қарап саған үреді шығарып тағы үкімің.
Күресуді үйрендің, жеңілмес тағы батырсың,
Тар қапасты түрмеде нендей іспен жатырсың?
Сыбағасыз қалдырмақ шибөрілер шуласқан,
Рухы биік тұлғаға тісін қалай батырсың?
Бұдан да аман тірісің, кім жеңді, кім ұтылды?
Азуы батпай біреулер үрумен ғана құтылды.
Өмірге шексіз махаббат сені осындай мықты еткен,
Және жүрек соғысы — сүйетұғын ұлтыңды.
Неге мұнша аламыз, санамда менің сан сұрақ,
Тағы ұнамай қалыпсың, тұрған ең кеше хал сұрап.
Біреу іштен тым жақсы, біріне енді жамансың,
Жұртқа жағу мүмкін бе, жүрегің тұр қансырап?
Өзіндей алып бәйтерек биіктігі үшін құлады,
110 жыл өмір көшінде тұғырлы орның тұр өне.
Ұлт үшін соққан жүрегің тоқтағанмен бір сәтте,
Өшпеді отын, ізін де — тарихтың беті тұрағы.

ТӘУЕЛСІЗДІК — БАҒЫМ

Мен — қазақтың, мен — азатпын!
Алып берген бабаларым азат күн.
Еркін үнмен еліме сәлем етейін,
Халқым өзі керемет қой, ғажап тым.
Қай кезде де батырлар туған анадан,
Ұлықты елден ұлылар қанша тараған.
Үміті елдің — үкілеп отқан ұрпағы,
Сабақ қып айтса, жоғалмас есте санадан.
Ерлікке толы, еске алсақ, тарих қойнауы,
Дұрыс қой енді халқымын атап тойлауы.
Құрсаудан шығып, қақпаңа қайта түспеске,
Ертенің елім қазірден керек ойлауы.
Айтылар ерлік, айтылар істер бәрі де,
Кешегі күннен таңбалар қалды тәнінде.
Орнына қарап сұмдықтар ойға оралар,
Боздағың кеткен, боздатар елін әлі де.
Тұтатып үміт, шырағын жақтың сананғын,

Өзгелер емес, өз елім үшін алаңмын.
Сапырып жиып, қаймағын қанша қалқыды,
Маңызын алып, мазасын қашып даламның.
Сүрініп-құлап, жығылдың жылап жолыңда,
Ақыңыз қалды, әл бермей зорлар соңыңда.
Өтпеген-ай деп санаңды сан соққанмен,
Уақыттың көші тұрмайды бір орнында.
Қателік енді тарихыңда келер болмасын,
Тәуелсіздік деген мәңгілікке орнасын.
Жырлап та айттық, сынап та айттық өткенді,
Желтоқсанда жанарым жасқа толмасын.
Ашкөздер қанша «алсам» деп қарап тұратын,
Өліңді берсең, орныңа билік құратын.
Жұлқынып шықтың, жұдырығыңды енді түйгейсің,
Кез келді енді дұшпан мен досты ұғатын.
Момын да болма — момынды кетер басқарып,
Менменге көшпе қазіргі сәтке мастанып.
«Біз» десең ғана жетесің сармат-мұратқа,
Елімің күші бірлікте болар, ол анық.
Қазақ — ұлтың, байлыққа толы қойнауың,
Тойсан бүгін, ертеңді керек ойлауың.
Екі етіп бірді, ысырап қылсаң не пайда?
Барыңды қору — басына бақ байлауың.
Қыран боп ұшсаң, қырағы көзбен қарарсың,
Барыс боп әлде әлсіздік бермей тұрарсың.
Өтінде қалмай өзіңе қарсы өш желдің,
Тәуелді емес, тәуелсіздік бағын ұғарсың!

Ғазиза БАЙСЫНОВА



АЛТЫН ҰЯМ — МЕКТЕБІМ

Көмекбай баба есімін ұран еткен,
Білімнің нәрі бойыңа терең жеткен.
Мектебім менің — мақтаным, алтын ұям,
Арманға шәкірттерін желеп жеткен.

Ұстазым менің — тәжірибелі дара тұлға,
Бағытын баптап, салады сара жолға.
Директор бастап, басшылар қамқор болып,
Сеніммен қарап, бақ қонған әрбір қолға.

Ардагерлерім — ақылдың кені дерсің,
Көргені көп қой, өнеге беріп жүрсің.
Әр өткен сәтім қымбатты қазынамдай,
Жүрекке мәңгі нұр болып өрілгенсің.

Дарынды шәкірт біліммен сусындыған,
Ұстаздар бар ма өнеге ұсынбаған?
Мәнді іс-шара мағына береді нық,
Биіксің әркез, ешқашан басылмаған.

Қадірлі маған мектептің әрбір тасы,
Жайқалған бақтың сенсің ғой кәрі-жасы.
№235 мектебім — асыл бесік,
Тарқамас шәкірттердің сағынышы.

Айгөре БАҚТЫБАЙ,
К.Қарақөзов атындағы №235 мектеп-
гимназиясының оқушысы

ШАХАНОВҚА ТАҒЗЫМ немесе ақын рухымен диалог

Иен дала жоқтап жатыр, есіміңді ерен ұл,
Өз ұлтыңа, барын берген кемеңгер ұл, демек ол!
Өр рух берген отты жырма аз ғана,
Талай өлең жазылуда саған енді, наздана!
Алып едің, арнау жазсам аз ба аға?!
Талай биік өлеңіңмен тәрбиелеп талайды,
Саған бүгін тағзым етті бозбала!


Мұқа десем, өкпеле, өкпелеме шын алып!
Мұқалардың бәрі өткен бе бұ дүниеде
сыналып?!

Өзіңменен жолығуды жазбапты-ау,
Өз-өзіңе жолатпадың аз мақтау.
Маған, оған, барлығына жетеді,
Жыр үйірген жан-жағына асқақ тау!
Сендей биік жанның екен бақыты,
Қадір-құнын ешбіріне таптатау!

Сені оқысам, күйім кешем ғашықтың,
Шалқар шабыт сыймай маған асып тым!
Төгіп-төгіп ақ паракқа аламын,
Отаныма махабатты мас қып тым!
(Сенің ритм-жанрыңды жас ұқтым!)
Өзгеше бір өр жыр жазу ойымда,
Саған ұқсап талпынуға асықтым.

Жырыңменен үндесуге дайынмын,
Ұлынменен тілесуге сен келші.
Ұлы жолға ерте шапқан «тайыңның»
Жара жанын жырларыңмен емдеші!
Саған қарап үлгі алады өрендер,
Сенің ізін жол нұсқаушы, кемеңгер!
Сені опасыз, сатқын ақын дегендер,
Өз ары мен ұятына елдер!

Отанына адал ақын, ақын ер,
Беу қазағым, өткеніңе баға бер!



Келешекте ғасыр өтіп келер ме,
Шахановтай шырылдайтын адал ер.
Даулас, мейлі дауласпа,
Басыңды ұр, маған десең тау-тасқа,
Мұндай ақын табамын деп, тармаспа,
Тілің түсер өз жаныңды зат бар ма,
Шахановтың дүлей дауыл жырларын
Кесіп өте алмайды өткір алмас та!

Жанарларға жас үйірген қазасы,
Түгел аңыз көшіп кетті қарашы,
Өз ұлтының тұз себелеп бетіне,
Жазылса деп ғасыр бойғы жарасы!
Қазір ұғып отырмын,
Қалмаған-ау, одан басқа шарасы...
Енді қайта сіздей тұлға туғанша,
Жоғалмайды Шахановтың бағасы!
Бақұл болыңыз, ата!

Ерназар ҚАЛИЕВ,

№150 қазақ орта мектебінің 9 сынып оқушысы,
Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылы

◀ ЕЛ АУЗИНАН

БАҚЫТТЫ ЖАНДАР ТӨРДЕ ОТЫРАДЫ

Бұл әңгімені маған Алдашбай ахунның ұрпағы, Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылының сексен жастағы тұрғыны Мінұар Алдашбаев ата айтып берген еді. Айта кетейік, сексен жастағы қария осы өңірде өмір сүрген белгілі тарихи тұлғалар туралы жақсы біледі екен.

асылып жатқан бағлан қозының еті пісіп, үлкен ас дайын болған кезде шаңырақ иесі баласына:

— Көрші шалды шақырып кел. Мына жолаушы кісімен табақтас болсын, — дейді. Көршісі сексен жасты алқымдаған қария екен. Сәлден соң жеткен қария да босаға



Бірде жолаушылап келе жатып, ұзақ жолдан шаршаған Тұрмағамбет ақын жол жиегінен онша алыс емес ақ боз үйге ат басын бұрады. Есік алдында қазан асылып, жез самаурын қайнап тұрса керек. Түстенбек әрі аздап тыныстап алмақ ниетпен осы үйге тоқтаған белгілі шайыр атын байлап, үйге енеді. Кірсе, дастархан басында кілең ығай мен сығай — ауыл белсенділері қызу әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Ас-су ішіп, дабырлап отырғандар тіпті Тұрмағамбет шайырдың берген сәлемін де жөнді ала қоймаса керек.

Үй иесі де бейсауат жүрген жолаушымен салқын қабақ таныта амандасып, есік жақтан орын нұсқайды. Бағанадан бері

жаққа Түрекенмен қатар жайғасалды. Бір кезде су құйыла бастайды. Сонда әлгі карт қолына су құйған балаға салт жөнімен:

— Көп жаса, балам! — деп ишарат білдіреді. Осы кезде Тұрмағамбет орнынан қозғалып қойып, дауысын көтеріп, төрдегілерді нұсқап:

— Қария, көп жасағанда не бітірдің? Міне, есікте менімен бірге отырсың. Балаға бақытты бол де, өне, бақытты жандар төрде отыр, — депті жұлып алғандай.

Қазына ЖАҒАБАЙ,

Қызылорда қаласы,
№7 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы

Қазіргі заман — цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің ең қарқынды дамып жатқан кезеңі. Ақпарат алмасу жылдамдығы артқан сайын, оны өңдеу, өзгерту және тарату мүмкіндіктері де күрделене түсуде. Осындай технологиялардың ішінде ерекше орын алатын, әрі қоғамда үлкен пікірталас тудырып жүрген бағыт — Deepfake технологиясы. Deepfake — жасанды интеллект пен нейрондық желілерге негізделген, адамның бейнесін, дауысын және мимикасын өзгертіп, шынайыға өте ұқсас жалған мультимедиялық контент жасау технологиясы.

Deepfake технологиясының ғылыми негізі — терең оқыту (Deep Learning) және генеративті қарсылас желілер (GAN — Generative Adversarial Networks). Бұл жүйеде екі жасанды нейрондық желі бір-бірімен бәсекелесіп жұмыс істейді: біріншісі жалған бейне жасайды, ал екіншісі оның шынайылығын тексеріп отырады. Осы процесс үздіксіз қайталанған сайын, жүйе барған сайын жетіліп, өте шынайы визуалды нәтижелер шығарады. Технологияның жұмыс істеуі үшін белгілі бір адамның көптеген фото және видео материалдары қажет болады. Жасанды интеллект сол деректер

арқылы адамның бет құрылымын, көз қозғалысын, ерін қимылын, дауыс интонациясын және жалпы мінез-құлық ерекшеліктерін үйренеді.

Deepfake технологиясының қолданылу салалары әртүрлі және жыл сайын кеңейіп келеді. Кино индустриясында бұл технология актерлердің жасын өзгерту, қайтыс болған актерлерді экранға қайта шығару немесе тарихи

тұлғаларды визуалды түрде көрсету үшін пайдаланылады. Білім беру саласында тарихи оқиғаларды визуалды реконструкциялау арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Маркетинг және жарнама саласында Deepfake технологиясы арқылы ерекше және есте қаларлық контент жасалады. Сонымен қатар ойын индустриясында

реалистік кейіпкерлер жасау үшін де қолданылады.

Алайда Deepfake технологиясының дамуымен бірге оның теріс әсерлері де айқын көріне бастады. Ең басты қауіп — ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатер. Deepfake арқылы жасалған видеолар мен аудиоларды шынайы ақпараттан ажырата алмайтындей деңгейге жеткендіктен, адамдарды онай алдауға болады. Бұл жалған жаңалықтардың таралуына, қоғамда қате пікір қалыптасуына және манипуляция жасауға алып келеді. Мысалы, белгілі бір тұлғаның айтпағанын айтқандай етіп көрсету немесе жалған оқиғаларды шынайы деп тарату — қазіргі цифрлық кеңістіктегі ең қауіпті құбылыстардың бірі.

Сонымен қатар Deepfake технологиясы киберқылмыс саласында да кеңінен қолданылуы мүмкін. Алаяқтар жалған видеолар арқылы адамдарды алдап, қаржылық пайда табуға тырысады. Бұл жеке тұлғалардың беделіне зиян келтіріп қана қоймай, мемлекетаралық ақпараттық қауіпсіздікке де қауіп төндіреді. Осындай жағдайлар қоғамда ақпаратқа деген сенім деңгейін төмендетеді, бұл өз кезегінде цифрлық ортадағы тұрақтылыққа кері әсер етеді.

Deepfake технологиясының тағы бір маңызды мәселесі — жеке деректердің қорғалуы. Адамның бейнесі мен дауысы оның келісімінсіз пайда-

ланылуы мүмкін, бұл этикалық және құқықтық мәселелерді тудырады. Сондықтан көптеген елдер Deepfake контентін бақылау, анықтау және шектеу бойынша заңнамалық шаралар қабылдауда.

Осы қауіптерді азайту үшін қазіргі таңда Deepfake-ті анықтайтын арнайы алгоритмдер мен жасанды интеллект жүйелері дамытылуда. Бұл жүйелер бейненің шынайылығын талдап, жасанды түрде өзгертілген контентті анықтауға көмектеседі. Дегенмен технология дамыған сайын оны анықтау да күрделене түсуде.

Қорытындылай келе, Deepfake — жасанды интеллекттің ең күрделі әрі екіжақты әсері бар технологияларының бірі. Ол бір жағынан кино, білім беру және медиа салаларына үлкен мүмкіндік берсе, екінші жағынан ақпараттық қауіпсіздікке, қоғамдағы сенімге және жеке деректердің қорғалуына елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан бұл технологияны дамыту барысында оны дұрыс пайдалану, бақылау және құқықтық реттеу мәселелері өте маңызды. Болашақта Deepfake технологиясы одан әрі дамып, оны бақылау жүйелері жетілдірілсе ғана оның қауіптері азайып, пайдасы көбірек болмақ.

Зарина АМАНЖОЛОВА,

Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушысы



«Ауыл аманаты» жобасы шаруаның қолын аузына жеткізіп, аузын ақса тигізуде. Бүгінде аталған жобаға қатысып, кәсібін жандандырып жүргендер жетерлік. Қызылорда облысының Арал ауданында да бұл жобаның белсенділігі байқалады. Ауданда екі жыл ішінде 1 млрд 107,3 млн теңгенің 178 жобасы қаржыландырылған.



Аудан тұрғыны Болат Алданиев бағдарламаға қатысып, наубайхана ашты. Жеңілдетілген пайызбен алты миллион теңге несиені алып, кәсібін бастады. Бүгінде ол елді нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Өзінің «Лаура маркет» сауда нысаны арқылы тұтынушыға ұсынады. Бүгінде оның өнімін тұтынушылар қатары қалың.

– Жеңілдетілген пайызбен несиені алған әріне жақсы. Қазір осы бағдарламаның игілігін көріп отырмыз. Екі ұлым – көмекшім. Отбасылық кәсіп етіп, іске қостық. Нан өндірісі – әріне, берекелі кәсіп. Қазақ нанды ерекше қадірлеген. Тіпті, бір кәсіптен пайда тапса, нанын жеп отырмын дейді. «Қазаның оттан түспесін» дегендей, пеш суымай тұрса, қандай ғанибет. Ойда түрлі жоспар бар. Мемлекеттік бағдарламалар елдің қолтығынан демеп тұр ғой. Халық үшін қабылданған шешімдер мен жобалардың игілігін көре берейік, – дейді Болат Алданиев.

Аралдық Гүлсая Әбілдаева да жолдасы Сәбит Атақұлов екеуі пластик есік-терезе шығаратын отбасылық кәсіп ашты. Ол да өзгелер тәрізді мемлекеттік бағдарламалар жайлы зерттеп, «Ауыл аманатына» тоқтады. Бағдарлама қатысушысы ретінде құжаттарын даярлап, 9 млн 800 мың теңге көлемінде қаражатқа қол жеткізген. Осы күні ол кәсіптің жақсы жүріп жатқанын айтты.

– Бұл қаражатқа біз толық автоматтандырылған станоктар сатып алдық. Бұрын қолдан істегенде тапсырыс көп емес еді. Өйткені, ондай технология әріптестеріміздің әрбірінде бар. Енді автоматтандырылған құрылғыны алған соң тапсырыс та күшейді. Қазір жаңа құрылғымен жұмыс істеп келе жатқанымызға бір айдан асты. Көңілім толады. Екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Гүлсая Әбілдаеваның айтуынша, қазір тапсырыс Қызылорда облысы аумағынан шығып, Ақтөбе облысының бірқатар аудандарынан да келеді. Ал оған үлгеру үшін кейде күндіз-түні жұмыс істеу керек болады. Гүлсая ондайға үйренген. Өйткені, жұмысын тұтынушының ойынан шығу керек деген ұстаныммен жоғары сапалы өнім шығарып келеді.

– Белгілі бір мекемеде жұмыс істесең, күнделікті сегіз сағат қой. Ал жеке кәсіпте тәулік бойы жұмыс істейсің. Айтылған уақытта, әрі сапалы етіп орындауың керек. Мұның қай-қайсысы да табандылықпен келетіні анық. Болашақта мұнан да басқа кәсіптерді қолға алығмыз келеді. Кәсіпте тоқтап қалуға болмайды. Даму керек. Ұстаныммыз да осындай, – дейді ол.

Бүгінде жарнаманың заманауи түрін меңгерген Гүлсая әлеуметтік желі арқылы кәсіптің шекарасын кеңейтіп келеді. Бағдарлама бойынша қарызды жапса, тағы да үлкен жобаларда бақ сынап көрмек. Бұған әріне, ерік-жігер керек.

– Кәсіпте төзімді болу керек. Барлық нәрсе ойдағыдай шыға бермейді. Қиындыққа шыдай алсаң ғана, сағың сынбайды. Қазір Instagram арқылы тұтынушыларды тауып, тапсырыс қабылдап жатырмыз. Болашақта мұнан әрі де даму жоспарда бар, – дейді Гүлсая Әбілдаева.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» АЯСЫНДА АРАЛДА 42 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қолынан іс келсе, өнерінді де кәсіпке айналдыруға болады. Аралдық Қазыбек Кенжеқараев бұған дейін жұмсақ жиһаздарға екінші өмір сыйлап, қайта жаңғыртумен танылған. Ол енді жиһаз шығаратын кәсіпті қолға алыпты. Керуеет дейсіз бе, ас үй жиһазы ма, жоқ алде қонақ бөлменің қажеті ме – кез келгенін жасай береді. Таяуда ол «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 5 млн теңгеден астам қаражат алды. Бұл ақшаға қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған.

– Өте салмақты құрылғы екен. Жап-жақсы. Кәсіпті енді бастадым. Қандай жиһаз қажет болса, сондайын шығарып беремін. Үлкені ме, кішісі ме, жоқ алде жалпағы ма?! Қалаған өлшемде жұмыс істейміз. Бұйыртыса, мұнан өзге де жобаларым бар. Менің ойымша, адам үнемі қозғалыста болуы керек. Тұрып қалғанды өмір де ұнатпайды. Сондықтан, алдағы уақытта осы кәсіпті жандандырып, мұнан өзге де жобаларға қатысқым келеді.



Даму – өз қолында. Осы болады, тоқтайын дегенді мидан шығарып тастағанда ғана алға қадам басысың, – дейді ол.

Қазыбек Кенжеқараев кәсібін кеңейтіп, биіктерді бағындырғысы келеді. Ол үшін үлкен ғимарат салу қажеттілігі туып тұр. Өйткені, жиһазды бояу үшін сондай қажеттілік бар. Тіпті мұнан өзге жай ғана қарапайым жиһаз емес, өнерлеп, ерекшелеп жасайтын түрлерін де қолға алуды жөн көріп отыр.

– Жиһаздың бетін ойып, ою-өрнек салатын құрылғы бар. Бағасы 8 млн теңге тұрады. Ендігі жоспар сол құрылғыда болып тұр. Жасаған өнімнің жұрттың бұйымынан ерекше болып тұруы керек. Әйтпесе, нарыққа ілесу қиын. Міне, көштің басына шығу үшін мен осы мақсатты алдыма қойып отырмын, – дейді кәсіпкер Қазыбек.

Тағы бір жоба жеңімпазы – тас төсеніштер шығаруды ұсынған Қайрат Табынбаев. Сексеуіл кентінде тұратын ол бүгінде қалыптары мен құрылғыларын алып, кәсіптің бел ортасына еніп кеткен. Бұрыннан тәжірибесі бар бесәспаз азамат енді кәсіптің екінші деңгейіне өтуді ойлайды.

– Брусчатка шығаруда тәжірибе бар. Жұмыс та жүріп жатыр. Тапсырыс та жетерлік. Кәсіп ашуда мынадай ереже бар: елде жоқ өндірісті қолға алу. Байқап қарасақ, біздің ауылдағылар үй қабырғасын қаптаптын термопанельдерді көршілес Қазалы ауданынан әкеліп жатыр. Қарасаң, көз сүйсінеді. Қарапайым үйіңнің сыртын қалауыңша, қызылдық-жасылдық, кірпіш, үлкен кірпіш кейінде адам танымастай өзгерте аласың. Тас төсенішті осы кәсіпке жалғағым келіп отыр. Әрі екеуі бір-біріне ұқсас, – дейді ол.

Ал тас төсеніштерге келсек, тұтынушылар жетерлік. Тапсырыс та ойдағыдай. Оның көлемін арттырып, ауқымын кеңейту керек. Тапсырыс берушінің талабын орындап, сапалы дүние жасап жүрген кәсіпкер «маған кәсіпті дамыту қиын емес, өйткені, сұраныс бар» деді. Талаптың тұлпарын мінген кәсіпкердің ынта-ықыласына риза болдық. Мемлекеттік бағдарламаны тиімді пайдаланып, кәсібін жан-жақты дамытып отырған ауыл азаматтарының әлі де талай биіктің еңсеріне сенім кәміл. Кәсіп мақсатшылдықты, табандылықты, ерік-жігерді қажет етеді. Ол қасиет болмаса, кәсіптің дамуы қиын. Ал Қайрат Табынбаевтың бұл тұрғыда айтып отырғанын тыңдап тұр.

– Арал ауданы бойынша 2023-2025 жылдар аралығы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен – 1 млрд 107,3 млн теңгеге 178 жоба қаржыландырылып, 201 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұған қоса, 3 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Сонымен қатар, 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап бүгінгі күнге дейін «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 1 млрд 33,5 млн теңгеге 122 жоба ұсынылды.

Оның ішінде, 72 жоба несиенің комитетінің отырысында қаралып, құны 303,3 млн теңге болатын 42 жоба мақұлданды, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі Жәнібек Жұбанов.

Жәнібек Жарасұлының айтуынша, мақұлданған жобалардың қатарында өңдеу саласына қатысты 231,3 млн теңге тұратын 28 жоба бар. Ал мал шаруашылығына қатысты 6 жоба мақұлданды. Оның құны – 29,2 млн теңге. Сондай-ақ, 35 млн



теңгенің 7 жобасы қызмет көрсету саласына қатысты болса, 7,8 млн теңге тұратын бір жоба егін шаруашылығына қатысты.

Айта кетейік, Арал ауданы бойынша алдағы уақытта 351,6 млн теңгеге қаралатын 36 жоба бар. Биыл қолдау тауып, жоба қатысушылары қаражат иеленіп жатса, кәсіп дереу басталғалы тұр.

Дәулет ҚЫРДАН

БИЗНЕСТЕГІ ӘЙЕЛДЕР: ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ БАСТАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ЖИЫН

Жақында өңірлік кәсіпкерлер палатасының Әйелдер кәсіпкерлігі жөніндегі салааралық кеңесі аясында кездесу өтті. Бұл – әйел кәсіпкерлердің әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

«Империя вкуса» коворкинг орталығында өткен жиын іскер әйелдердің басын қосып қана қоймай, олардың кәсіби, қаржылық және тұлғалық дамуына серпін беретін мазмұнды алаңға айналды.

шешуге бағытталған «Наурыз» бағдарламасының мүмкіндіктері қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. Банк мамандары тұрғын үй алудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын нақты жолдарын түсіндіріп, әрбір отбасы үшін қолжетімді шешімдер бар екенін атап өтті.

Сонымен қатар, қатысушылар депозит ашу, бастапқы капитал жинақтау және оны тиімді басқару тәсілдері бойынша құнды мәліметтер алды. Қаржылық жоспарлау мен қаражатты дұрыс бағытта пайдалану – табысты

мүмкіндіктерін кеңейтіп, тұрақты даму жолына түсуге көмектеседі.

Кездесу аясында әйел кәсіпкерлерге арналған арнайы қаржылық стратегиялар да талқыланды. Сарапшылар бизнесті тек бастау емес, оны ұзақ мерзімді перспективада дамыту, тәуекелдерді басқару және нарықтағы өзгерістерге бейімделу жолдары туралы кеңінен тоқталды. Бұл бағыттағы ұсыныстар қатысушыларға өз кәсіптерін жүйелі түрде дамытуға нақты бағдар берді.

лармен қамтамасыз етуге бағытталған. Жоба аясында әр өңір өзінің бірегей өнімін шығарып, оны брендке айналдыру мүмкіндігіне ие болады. Қатысушылар бұл жоба арқылы өз бизнесін жана деңгейге көтеруге болатындығына көз жеткізді.

Айта кетейік, «Бір ауыл – бір өнім» жобасының ресми логотипі өзгертіліп, жаңа графикалық бейнесі бекітілді. Жаңартылған нұсқа бірнеше мағыналық және мәдени элементтердің үйлесіміне негізделген. Логотиптің негізгі композициясы үш маңызды идеяға сүйеніп жасалған. Оның басты элементтерінің бірі қазақтың дәстүрлі «Қазмойын» ою-өрнегі, ал гүл тәрізді пішімі сакура гүлін еске түсіреді. Сонымен қатар логотиптің жалпы формасы мен иірімдері «Атамекен» ҰҚП ресми логотипімен үндестіріліп жасалған.

Кездесу барысында қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, түрлі саладағы жетістіктері мен қиындықтарын талқылады. Мұндай ашық диалог ортақ мәселелерді шешуге, жаңа

Жуырда Астана қаласында өткен өңірлік экологиялық саммит шеңберінде «Болашақ ұрпақты сақтау: экологиялық күн тәртібінің өзегіндегі денсаулық – Арал маңы сабақтары мен шешімдері» тақырыбындағы панельдік сессия қорытындысы бойынша Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық бюросының, Орталық Азия елдері мен Әзірбайжан денсаулық сақтау министрлерінің қатысуымен бірлескен құжатқа қол қойылды.



ҮШЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Шара барысында облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев Арал өңіріндегі экологиялық ахуал мен халық денсаулығын қорғау бағытында атқарылып жатқан кешенді жұмыстарды таныстырды.

Өңірде денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінуде. Қызылорда қаласында 500 және 400 келушіге арналған жаңа емханалардың құрылысы жүргізілуде, сондай-ақ 200 орындық перинаталдық орталықтың құрылысын бастау жоспарланған. Арал қаласында да жаңа емхана салу жобасы дайындалып, ауылдық жерлерде медициналық инфрақұрылым кезең-кезеңімен жаңартылып, жаңа амбулаториялар ашылууда. Сонымен қатар, Арал ауданында заманауи кардио және инсульт орталығы іске қосылып, тұрғындарға күрделі медициналық көмекті жергілікті жерде көрсету мүмкіндігі айтарлықтай кеңейді.

Экологиялық жағдайдың халық денсаулығына тікелей әсері назардан тыс қалмаған. Балалар арасындағы анемия деңгейін төмендету, ауыз су сапасын жақсарту және жалпы тұрғындардың денсаулығын нығайту бағытында кешенді бағдарламалар жүзеге асырылууда. Сонымен қатар, экожүйені қалпына келтіру мақсатында Арал теңізінің құрғаған табанын ормандандыру жұмыстары жалғасып, жүздеген гектар жерге сексеуіл отырғызылды.

Өңірдің экологиялық және әлеуметтік дамуына тың серпін беру мақсатында «Арал» геопаркін ЮНЕСКО тізіміне енгізу бағытындағы жұмыстар да басталды. Бұл бастама аймақтың табиғи және мәдени құндылықтарын халықаралық деңгейде танытуға жол ашды.

Осы орайда «Арал өңіріндегі салауатты болашақ» бастамасы аясында Қызылорда облысы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (Еуропалық өңірлік бюросы) арасында өзара түсіністік туралы үшжақты меморандумға қол қойылды – өңірдің экологиялық және медициналық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы



Іс-шараның басты ерекшелігі – оның практикаға бағытталып, қатысушыларға нақты пайда әкелуге негізделген құрылымы. Кездесу барысында әрбір қатысушы өз кәсібін дамытуға, қаржылық сауаттылығын арттыруға және болашаққа сенімді жоспар құруға қажетті құралдар мен білім алды. Бұл жиын әйел кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, олардың келесі деңгейге өтуіне ықпал ететін платформа қызметін атқарды.

Іс-шараға арнайы шақырылған Отбасы банк өкілдері әйелдер қауымдастығына арналған бірқатар қаржылық өнім мен мемлекеттік бағдарламалар туралы кеңінен ақпарат берді. Әсіресе, баспана мәселесін



бизнестің негізгі тіректерінің бірі екені ерекше атап өтті. Мемлекеттік қолдау шаралары, оның ішінде «+20%» сыйақы мүмкіндігі туралы ақпарат та қатысушылар үшін маңызды жаңалық болды. Бұл құралдар кәсіпкерлерге өз қаржылық

Іс-шараның тағы бір маңызды бөлігі – Өңірлік кәсіпкерлер палатасының «Бір ауыл – бір өнім» жобасын таныстыру. Бұл бастама жергілікті өнімдерді дамытуға, ауыл кәсіпкерлерінің әлеуетін арттыруға және ішкі нарықты сапалы отандық тауар-

серіктестіктер орнатуға және тың идеялар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, әйелдер арасындағы қолдау мен ынтымақтастықтың маңызы ерекше сезілді.

«АЖ-ақпарат»

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ТАҢҒЫ СЕРУЕНДІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРҒАНДАР

— Әлеуметтік желінің оңтайлы тұсын тапсаң, оның да пайдасын көресің. «Instagram» желісі арқылы Динара Уалимен таныстым. Клуб жетекшісінің парақшасында таңғы серуеннің пайдасы, салауатты өмір салты мен ұлттық құндылықтарға негізделген түрлі бейнеролик бар. Сол арқылы деннің саулығына назар аудару керек екенін толық түсінесің, — деді ол.

«Өзгемен емес, өзіңмен алыс» қағидасын ұстанған клуб 40 күндік арнайы марафондар ұйымдастырған. Марафон барысында қатысушылар таңғы 04:30-06:30 аралығында серуен жасап, денсаулықтарын нығайтады. Осылайша жоғары нәтижеге кол жеткізген Гүлмира Әйіпбекқызы Алматы қаласында өткен «Сықырлы таң» жиынында таңғы серуен модераторы атанған. Бүгінде ол «Жаңа мен» және «Сыр гүлі» атты екі топқа жетекшілік етеді.

— Бұл топтардың негізгі мақсаты — қыз-келіншектерді ерте тұруға, денсаулыққа пайдалы әдеттерді қалыптастыруға және психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған орта құру. Қызылорда қаласында құрылған «Сыр гүлі» тобында қазір 100-ден астам қатысушы бар. Әр апта сайын тұрақты кездесулер өткізіп, қаланың көрікті жерлеріне серуен мен танымдық іс-шаралар ұйымдастырамыз, — деді Гүлмира Ильясова.

Иә, мамандар да таңғы серуеннің адам ағзасына пайдасының мол екенін айтады. Атап айтқанда, таңғы серуеннің арқасында жүрек-қан тамыр жүйесі нығаяды, қан айналымы жақсарыды, бұлшықеттер шынығады. Сонымен бірге, таңғы күн сәулесі ағзадағы серотонин деңгейін арттырып, көңіл күйді көтереді және күйзелісті азайтады, биологиялық ырғақты қалыпқа келтіріп, ұйқы сапасын жақсартады. Сонымен қатар, миға оттегі қорының жетуін арттырып, ойлау қабілетін дамытады және

зат алмасу процесін жандандырады.

«Сықырлы таң» қауымдастығы тек дене белсенділігімен шектелмей, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге де ерекше мән береді. Мысалы әр қалада өтетін кездесулер ауылдың атмосферасын жаңғыртып, қатысушыларға дәстүрлі колөнер мен тұрмыстық мәдениетті таныстыруға бағытталды. Жыл сайын наурыз айында қауымдастықтың құрылған күні кең көлемде атап өтіледі. 2024 жылы бұл мерейтой Ақтау қаласында ұйымдастырылып, қатысушылар Каспий теңізінің тамашалап, Маңғыстау өңіріндегі киелі орындарға зиярат жасады. Былтыр Қызылорда қаласында өтті.

— Қызылордаға еліміздің 11 өңірінен келген қыз-келіншектер қатысты. Қонақтарды әуежай мен теміржол вокзалынан күтіп алып, ұлттық дәстүрге сай қарсы алу рәсімдері ұйымдастырылды. Әр өңір өз өнерін көрсетіп, мәдени бағдарламалар ұсынылды.

Бұл бастама — елімізде салауатты өмір салтын қалыптастырумен қатар, әйелдер қауымының бірлігін нығайтып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба, — дейді ол.

Қызылордалық «Сыр гүлі» тобының алғашқы қатысушыларының қатарында Гүлжан Сүлеева, Сара Сапарбаева, Тоня Кудеева, Алматы Байнаев пен Раушангүл Жұмағалиева, Индира Жүсіпова, Гүлжазира Кемелова, Әйгерім Мұсаева, Жанар Оралбаева, Мерекөва Әсем, Кенжетүр Омарова, Гүлдураен Қосмағанбетова мен Жазіра Жұмабекқызы бар. Олардың бірі зейнеткер,

энергетика саласының маманы, банк қызметкері, енді бірі жеке қәсіпкер.

— Жалпы, таңғы серуен — әрбір қыз-келіншекке аса қажетті салауатты өмір салтының маңызды бөлігі. Себебі әйел адамның ішкі және сыртқы өзгерісі оның отбасы мен қоршаған ортасына тікелей әсер етеді. «Әйел өзгерсе — әлем өзгереді» деген қағиданың астарында үлкен мән жатыр. Адам өз-өзімен жұмыс істей бастағанда, оның айналасы да оң өзгерістерге бет бұралады. Мұндай үлгі балаларына да әсер етіп, олардың дұрыс бағытта қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда түрлі өмірлік қиындықтың әсерінен күйзеліске түскен аналар аз емес. Осындай сәттерде таңғы серуен клубы олардың өміріне жана серпіні беріп, үміт пен жігер сыйлайтын маңызды ортаға айналады, деп қорытындылады ол. Айтпақшы, таңертең қиналмай тұру үшін, 22:00-

де ұйықтау қажет. Бәлкім, 4:30 сіз үшін әлі ерте көрінер. Бірақ дәл осы уақытта басталған бір кадам көптеген әйелдің өмірін өзгертіп үлгерді.

Әлия ТӘЖІБАЙ



СЫР ЖАСТАРЫ

КӨШ БАСЫНДА

Кейде бір ғана дәлел жүздеген пікірден басым түседі. Ал кейде дұрыс қойылған сұрақтың өзі бүкіл талқылаудың бағытын өзгертіп жібереді. Дебат — дәл осындай сөттен тұратын, ой мен сөздің алаңы.

Жақында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде өткен республикалық дебат турнирі де тартысты өтті. Еліміздің әр өңірінен келген пікірсайысшылардың білімі мен шешендік қабілеттері сыналды.

Үздіктерді анықтау оңай болмады. Десе де әр өңірден жиналған пікірсайысшылардың арасынан алға суырған қызылордалық «Ақиқат» дебат клубы I, шымендік «Болашақ» клубы II орынға ие болса, III орынды Алматы қаласының «UIB DC» дебат клубы иеленді.

Сонымен қатар, Бекзатхан Махамбет турнир барысында өзінің ұтымды аргументтері мен сенімді сөйлеу мәнері арқылы «Үздік спикер» номинациясын да жеңіп алды. Оның әрбір сөзі нақты дәлелге негізделіп, қарсы тараптың пікіріне орынды жауап бере білуінің арқасында қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Жеңімпаздың өзі бұл жетістік туралы былай дейді:

«Заң мен Тәртіп» тақырыбы біз үшін жай ғана қарар емес, қоғамның өзегін айқындайтын ұстанымға айналды. Қазақ «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді. Әр кезеңде осы әділдік пен жауапкершілік таразыға түсті.

Дебат — сөйлеу немесе жету емес, ол біріншіден, өз-өзімен күресу. Әр аргумент — ойдың сүзгісінен өтетін жауапкершілік, әр сөз — сана мен тәртіптің көрінісі. Сол себепті бұл турнир біз үшін тек нәтиже емес, үлкен мектеп болды. Қазақ «Өнер алды — қызыл тіл» дейді. Сол тіл арқылы қоғамға ой салу, тәртіп пен заңның маңызын жеткізу — біздің бұрынғы міндетіміз деп білемін. Бұл жеңіс — жеңенің соңы емес, жана белестің басы, — дейді Бекзатхан Махамбет.

Дебаттың мәні мен маңызын түсінетін жастардың көбейгені қуантады. Себебі, мұндай зияткерлік турнирлер жастардың сыни ойлау қабілетін дамытып, еркін пікір білдіру мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ақбота ҚОЛҒАНАТ



Жалғыз? Иә-иә, қорқынышты естілетінін білеміз. Десе де әлемде жалғыз саяхаттауға болатын, қауіпсіз елдер де бар көрінеді. Бүгінгі мақаламызда сол елдердің бірнешеуіне тоқталуды жөн көрдік. Ендеше, бұл тізімде қандай мемлекеттер бар екенін бірге білейік.

Жалғыз саяхатшыны жатсынбай, керісінше құшақ жая қарсы алатын елдердің қатарында тыныштық мекеніне айналған Исландия бар. Солтүстік Атлант мұхитының қақ ортасында орналасқан Исландия әлемдегі ең қауіпсіз елдердің бірі саналады. Мұнда қылмыс деңгейі өте төмен, полиция қызметкерлері де көп жағдайда қару қолданбайды. Әскер жоқ, тек жағалау күзеті ғана бар. Қоғамдық тәртібі сенімге негізделген. Көптеген үйде тіпті қоршау да салынбайды, себебі жергілікті түсінік бойынша кеңістік пен ашықтық — өзара құрметтің белгісі. Табиғат заңдылығы да ерекше: ағаш кесілсе, орнына міндетті түрде қайтадан ағаш егеді. Рейкьявик көшелерінде түн мезгілінде де еркін жүруге болады. Қоғамдық қауіпсіздік деңгейі жоғары болғандықтан, жалғыз саяхаттайтын жандар үшін де алаңдауға негіз жоқ.

Швейцарияны әлем көбіне қаржы орталығы ретінде таниды. Бірақ оның ең басты ерекшелігі — қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілік мәдениеті. Мысалы балалардың өз бетінше мектепке баруы қалыпты жағдай. Қоғам баланың ерте жастан дербес болуына мүмкіндік береді. Бұл сенім мәдениеті елдің қауіпсіздігін қалыптастырып отыр. Мұнда қылмыс деңгейі өте төмен, алкогольді суындардың саудасы 22:00-де тоқтайды. Бұл жақта айыппұл мөлшері заң бұзушының жалақысына байланысты. Неғұрлым көп табыс тапсаңыз, айыппұлды да соғұрлым көп төлейсіз. Ал ең ірі экспорт тауары — шоколад. Әр жыл сайын Бернеде 7 млн тонна Tabletop шоколады өндіріледі. Швейцария табиғаты да ерекше. Таулары, таза көлдер мен шағын қалалар саяхатшыға тыныштық сыйлайтынына сенімдіміз.

Жапония — қауіпсіздік пен мәдениеттің ерекше үйлесімін сақтаған мемлекет. Токио сияқты мегаполисте де жалғыз саяхатшы өзін еркін сезіне алады. Тіпті қалада жоғалған зат иесіне қайта оралады. Қоғамда тәртіп пен жауапкершілік жоғары бағаланады. Қоқыс жашіктері сирек болғанымен, әр адам өз коқысын үйіне дейін алып кетеді. Қалдықтарды сұрыптау — халықтың күнделікті әдетіне айналған. Мұнда уақытқа, жұмысқа және қоғамдық кеңістікке деген құрмет ерекше. Кешігу — сирек жағдай, ал ерте келу — қалыпты мәдени норма.

Жапондар өз ана тілдерінде бір-екі ауыз сөз айта алған адамды аса қатты құрметтейді. Өйткені олар бұл тілді үйрену еш мүмкін емес деп санайды. Сондай-ақ олар еңбеккер, тыным таппайтын жандар. Түскі асын ішпей-ақ күніне 15-18 сағат жұмыс істей беріуі мүмкін. Ал сіз мұражайда, метрода, аялдамада, тіпті жұмыс арасында да көз шырымын алып отырған жапондықтарды көрсеніз, таңырқаманыз.

Біздей дерек — осы. Десе де кез келген сапарда қауіпсіздік бірінші орында тұруы тиіс. Сапарыңыз сәтті болсын, саяхатшы!

Мерейім ӘЛБАТЫР

ЖАЛҒЫЗ САЯХАТТАЙМЫН

Саяхаттау деген керемет қой, шіркін. Жаныңда жақын жандар, қолда шабадан мен камера, еркіндік, жаңа жер, жаңа сезім мен керемет эмоция. Десе де жалғыз саяхаттап көрдіңіз бе?

Коллаж А.НҰР



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 5111
Тапсырыс 717